

## КҮН ТӘРТІБІ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

2-бет

## АЙНА

АЯЛДАМАЛАР  
ЖАҢҒЫРУДА

3-бет

## ҚОҒАМ

ПАРАСАТТЫ  
ҒҰМЫР

5-бет

## РУХАНИЯТ

ХАЛАЛ ВАКЦИНА  
ДЕГЕН БОЛА МА?

6-бет

# Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ СЕУЛДЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА ҚОЙЫЛҒАН БЮСТТІҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сеулдегі Кибер университеттің аумағына орнатылған ұлы Абай бюстінің ашылу салтанатына қатысты.



– Сеул төрінде қазақ халқының ұлы перзенті, ақын Абай Құнанбайұлының бюсті орнатылды. Бұл – корей бауырларымыздың қазақ халқына деген зор құрметінің белгісі, – деді Қазақстан Президенті.

Бюсттің жобасы Қазақстанда дайындалып, тұтас мүсіні Кореяда қоладан құйылған. Қасым-Жомарт Тоқаев бюсттің Корея астанасындағы университет аумағына орнатылуының маңызды екеніне тоқталды.

– Абай – ұлы ақын ғана емес, кемеңгер ойшыл, өйгілі ағартушы. Сондықтан, Абайға арналған бюсттің білім ордасына қойылуы орынды шешім екені сөзсіз. Мұның символдық мән-маңызы айрықша. Ол жұртты ғылым игеруге, білімдер болуға үндеді. Жаңашылдық пен жасампаздықты дөріттеді. Абай мұрасы – біздің елімізге ғана емес, барша адамзатқа ортақ құндылық. Дала данышпанының «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөзі бар. Бұл қасиеттерді корей халқы да ерекше бағалайтынын білеміз. Осы құндылықтардың арқасында қазіргі таңда Корея Республикасы озық дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып отыр. Былтыр біз Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өттік. Осыған орай, көптеген ауқымды іс-шаралар ұйымдастырдық. Абай шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылды. Соның ішінде, корей тілінде «Алтын шаңырақта шырқалған ән» атты кітабы

жарыққа шықты. Кореяда ұлы ойшылға арналған маркалар әзірленді. Мұның бәрі екі елдің рухани ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсері анық, – деді Мемлекет басшысы.

2010 жыл Қазақстанның Кореядағы жылы деп жарияланса, 2011 жылы Кореяның Қазақстандағы жылы атап өтілді. Қасым-Жомарт Тоқаев осы шаралар арқылы барлық бағыттағы байланыстардың арта түскеніне тоқталды.

– Әсіресе, мәдени-рухани саладағы ынтымағымызды нығайттық. Осындай тығыз қарым-қатынас болашақта да жалғасын табады. Қазақстанның жетекші оқу орнында корей тілі оқытылып келеді. Кореялық студенттер де қазақ тілін оқып жүргенін жақсы білеміз. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық ерекше жағдай. Көптеген қазақ жастары корей университеттерінде білім алуға. Біз білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыра береміз. Бұл өзара байланысты келешекте де достық рухта дамыта түсетін жол ашады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында атсалысқан азаматтарға шынайы ризашылығын білдіріп, Абай мұрасының Корей халқының рухани әлемінен орнын табатынына сенімді екенін айтты.

Дереккөз: akorda.kz

Тәй-тәй басқан сәтінен табиғат анамен терең үндестікте болып, ат жалын тартып міңгезе жараған шағынан дала спортының қай-қайсысының болмасын жетіліп шағып, майын ішкен қазақ халқы шымырлығымен, шапшаңдығымен, ұтқырлығымен көпті таң-тамаша қалдырған. Сол кезеңдерден бері біршама уақыт өткенімен, қанға сіңіп, сүйекпен берілген осынау қасиеттер әлі де бойымыздан табылады. Соның бір парасы – Тәуелсіздік алғаннан бергі қазақ спортының жетістігі. Отандық спортта малай байрақты бәсекелерде топ жарып, дарабоз атанған ұл-қыздарымыз мол. Солардың ішінде қойнауы құт пен ырысқа, елі береке мен ынтымаққа толы жезқазғандық спортшылардың да алар орны айтарлықтай салмақты.



## СПОРТ ҮЗДІКТЕРІ

құрметке бөленді



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2003 жылдың 15 қарашасындағы Жарлығына сәйкес тамыз айының үшінші жексенбісі спорт күні болып бекітілген болатын. Аталған мереке аясында қала әкімі Қайрат Әбсәттаров мысты шаһардың спортта дүлдiл шыққан тарландарымен кездесіп, мерекелік құттықтау лебізін білдірді.

– Тек қала абыройын емес, Сарыарқа жұртының, елдің абыройын асқақтатуда Жезқазған-Ұлытау аймағынан шыққан спортшылардың жетістіктері мен еңбектері зор екені белгілі. Біздің қаламызда да бұқаралық спортты дамыту және дене шынықтыру жұмыстарына аса ден қою шаралары бірізді жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары мысты шаһардағы бокс, самбо, қазақша күрес, дзюдо, каратэ, теннис, футбол ойындары жедел қарқынмен дамып келеді. Осы тұста оқушылар мен студенттерге біліммен қатар, спорт саласында қолдау көрсетіп, дем-беруден аяныбай жүрген білім ошақтары басшыларына, мұғалімдері мен оқытушыларына алғысымды білдіремін. Мен Жезқазған спортының бұдан әрі де дамып, көптеген биіктерді бағындыра бергеніне сенемін, – деген Қайрат Бектайұлы спортшыларымызға әлемдік спорттық шаралар мен олимпиадаларға жолдама алып, Көк Туымызды желбіретуге тілектестігін білдірді.

Одан әрі марапаттау рәсімімен жалғасқан шарада, алдымен, Жезқазған қаласының Құрмет грамотасы табысты. Осынау жоғары марапат мамандандырылған балалар мен жасөспірімдерге арналған олимпиадалық резервтегі спорт мектебінің дзюдодан бап-

кер-жаттықтырушысы, самбо, қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері Думан Хасеновке, қалалық спорттық-сауықтыру кешенінің бокстан бапкер-жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының күміс жүлдегері Асыл Асқароваға, мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бапкер-жаттықтырушысы, бокстан спорт шеберлігіне үміткер, екі дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы Аниета Адилшванын бапкер-жаттықтырушысы Айдар Сайдалинге және спорттық сауықтыру кешенінің киокушинкай каратэден жаттықтырушысы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Фариза Жүнісбековаға табысталды.

Жылдағы дәстүрге сәйкес спорт күні аясында дарынды жастарды тәрбиелеп, оларға бағыт-бағдар көрсеткен үздік оқу орындары да елеусіз қалмады. Биыл бұқаралық спортты дамытуда белсенділік танытқан орта білім беру мекемелері арасында ІІІ орынды иеленген № 5 мектеп, ІІ орынды № 8 қазақ гимназиясы, ал І орынды Кеңгір селосының № 2 орта мектебі иеленді.

Студенттер лигасы бойынша ІІІ орынды Жезқазған гуманитарлық колледжі еншілесі, ІІ орын Жезқазған индустриалдык-гуманитарлық колледжіне, І орын Жезқазған бизнес және көлік колледжінің қанжығасына байланды.

Шараның ең мәртебелі кезеңі – үздік спортшыларды анықтау. Спортшылардың жыл бойғы үздіксіз еңбегі мен белсенділігі, жетістіктері сараланатын бөлім бойын-

ша «Олимпиадалық спорт түрі бойынша жылдың үздік спортшысы» номинациясын Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер, Қазақстан Республикасының дзюдодан жасөспірімдер құрама командасының мүшесі, халықаралық және республикалық жарыстардың жеңімпазы, дзюдодан әлем чемпионатының қатысушысы, Азия кубогының күміс жүлдегері, 2021 жылғы Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы Диана Тельбаева иеленді.

«Олимпиадалық спорт түрі бойынша жылдың үздік бапкері» номинациясына Жезқазған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бокстан бірінші санатты аға жаттықтырушысы, бокстан Қазақстан Республикасының спорт шебері Мәди Дүйсенбаев лайық деп танылды.

Үшінші аталым – «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша жылдың үздік спортшысы». Оған самбодан жастар және жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатының қола жүлдегері, самбо күресінен спорт шеберлігіне үміткер Төлеу Қайроллаев ие болды.

Келесі кезекте «Олимпиадалық емес спорт түрі бойынша жылдың үздік бапкер-жаттықтырушысы» анықталды. Аталған номинация иегері самбодан бапкер-жаттықтырушы, жоғары деңгейдегі бірінші санатты бапкер-жаттықтырушы, самбо күресінен КСРО спорт шебері Дәулет Бейсенбаев атанды.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

## COVID-19

# ВАКЦИНА: ВИРУСТЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

Ойда-жоқта пайда болып, жәһан жұртын дүрбелеңге салған COVID-19 індеті қайта өршіп тұр. Күн сайын қайтыс болып жатқан адамдардың да саны артып отыр. Жағдай күрделенген тұста дер кезінде дәрігер кеңесіне жүгініп, мамандар тағайындауы бойынша ем алу аса маңызды. Қазіргі таңда жедел-жәрдемге түсетін шақырту өте көп. Олардың ішінде 80-90 пайыз дене қызуының көтерілуі бойынша шақырту түседі. Шақырту түскен орынға барғаннан соң, алдымен, дене қызуы, сатурация мөлшері тексеріледі. Сатурация мөлшері 90-нан төмен болса, науқас арнайы тексеруден өтетін болады.

Коронавирус өршіп тұрған сәтте жедел-жәрдем көмегінен бөлек мобилді топтар қызметі құрылды. Олар таңғы 8-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Қарағанды облысының үш қаласында, яғни, Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш қалаларында медициналық орталық жанынан құрылған денсаулық орталықтары бар. Оның үшеуі – Жезқазғанда, үшеуі – Сәтбаевта және екеуі – Балқаш қаласында.

Біздің орталыққа күніне 20-дан бастап 50-ге дейін шақыртулар түседі. Мобилді топтарда екі медициналық қызметкер және бір көлік жүргізушісі жұмыс істейді. Аталған топ тек дене қызуы жоғары, коронавирустың белгілері бар науқастарға барады. Олар өздерімен бірге миндетті түрде танометр, пульсоксиметр және сынама тест жасайтын құрылғыларын алып барады. Шыны айту керек, қазіргі таңда індетті жұқтырғандар мен олармен жақын қарым-қатынаста болғандар саны өте көп. Менің дүйсенбі күні берген есебім бойынша коронавирус белгісі расталған, яғни, ПТР-тест нәтижесі оң болған 623 және олармен байланыста болған 713 науқас ем алып жатыр. 595 науқас үй жағдайында ем алуға. Себебі біз өкпесі 25 пайызға дейін зақымданған науқастарды үй жағдайында емдеуге жібереміз. Дегенмен, үй жағдайында ем алып, өкпенің зақымдануын үдетіп алатын науқастар саны өте көп. Бүгінгі күнге дейін вирусты инфекциялардың оннан аса түрі белгілі болды. Оның ішінде тұмау да осы қатарға жатады. Көп науқастар коронавирусты тұмаумен шатастырып, ескі әдет бойынша түрлі дәрілер, антибиотиктер алып, үй жағдайында өз-өзін емдей бастайды. Біздің жіберетін басты қателігіміз – осы. Коронавирус тұмау секілді емес. Шыныдғын алып қарасақ, тұмау да өте қауіпті аурулардың бірі. Кезінде тұмаудың өзінен миллиондаған адамдар қырылып қалған кездер болды. Дегенмен, вакцина ойлап табылды, адамдарда иммунитет қалыптасты. Соның әсерінен тұмау



жай ғана бірер күнде жазылатын ауру сынды болып қалды. Коронавирус оған да қауіпті. Оның ең жамаң түсі – COVID-19 індеті қанды жылдам қалыпта ұйытып жібереді және өкпені дереу зақымдап үлгереді. Біз инфекциялық стационардағы науқастардан бөлек, үйде ем алып жатқан, олармен жақын қарым-қатынаста болған барлық науқастарға күндізлі хабарласып, жағдайын біліп отыруға міндеттіміз. Олар тегін отырып, жағдайын білетін кезіміз де болады. Кейде мейірімдермен қатар өзін де олардың телефон нөмірлерін сұрап алып хабарласамын. Біз өзіміз берген антты орындау үшін, «Ақ халатты абзал жан» деген атқа лайық болу үшін қолымыздан келгеніңіз барлығын жасауға, соңғы күшіміз қалғанша күресуге әзірміз.

Негізгі жұмысымыздан бөлек өндіріс ошақтарына, мекемелерге барып, олардың қызметкерлерімен кездесіп, екіге алуға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Бастапқыда біздің орталықта 21 сәуір күні вакцина салу басталғанда алғашқылардың бірі болып барлық денсаулық сақтау саласының мамандары екіге алды. Мен өзімде ресейлік «Спутник V» вакцинасын алдым. Сол тұстарда екіге салдыруға қарсылық танытқан

тұрғындар саны тым көп еді. Қазір вакцина алушылар көбейді. Бұрынғы вакцина орталығына күніне 40-50 адам келсе, қазір 300-350-ге дейін екіге салдыруға ниеттілерге қызмет көрсетеміз.

Өйткенмен, сөздің расын айту керек, екіге қарсы түрлі теріс пікірді ұстанушылар әлі де қоғам арасында көп. Біз мекемелерге келесуге барғанның өзінде, олар қысық-сыз пікірлерін алға тартып, біздің сөзімізді жоққа шығаруға тырысады.

Маған ең жиі қойылатын сұрақтардың бірі – екіге салғаннан кейінгі бала жоспарлауға қатысты. Вакцинаның ІІ компонентін алғаннан кейін екі айдан кейін бала жоспарлауға болады. Жүктілік кезінде ауру жұқтырып алған әйелдер де жоқ. Олар сау баланы дүниеге әкеліп жатыр. Бауырларымыз аяғы ауыр келіншекке дұрыс ем-дом шараларын көрсете білу аса маңызды.

Вакцинаның ІІ компонентін бір қаладан, екіншісі басқа жерден алуға болмайды. Себебі белгілі бір аймақта ІІ компоненттің қанша дозасы келсе, екіншісі де сонша мөлшерде жүргізіледі. Вакцина алғандар жайлы жалпы республикалық акпарат жүргізіліп, медициналық орталықтарға таратылмайды. Дегенмен, бір қала ішінде ІІ компонентті екі жерден ала беруге болады.

Иә, жасармаймын, вакцина алған тұрғындар ішінде індетті жұқтырып алып жатқандар баршылық. Дегенмен олардың арасында жансақтау бөліміне түскендер, денсаулық жағдайы нашарлаған азаматтар жоқ.

Вакцинаның көмегімен дүние жүзіндегі қаншама індеттің ауыздықталғаны бар. Сол болашақта да жалғасына береді. Сол себепті мен дәрігер маман ретінде екіге алуға кенес беремін. Қайткен күнде де вакцина ауруды тоқтатып, адамдарды аман алып қалудың жалғыз жолы болып отыр.

Гүлнәз ЕСПЕНБЕТОВА,  
Медициналық орталықтың  
жоғары санатты  
терапевт-дәрігері

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

2021-2022 оқу жылы өзінің бірқатар жаңалығын ала келді. Жаңа оқу жылының басты ерекшелігі – А.Байтұрсынұовтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарулы, «Цифрлық сауаттылық» пәндерінің енгізілуі.

SARYARQA-AҚПАРАТ БИЫЛ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША АСТЫҚ ЖИНАЛУЫ МҮМКІН – АШМ ЕСЕП БЕРДІ

«Біздің алдымызда әлемдік азық-түлік бағасының өсуі мен жалғасып жатқан Covid-19 коронавирусы пандемиясы жағдайында елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша маңызды міндет тұр. Облыстар әкімдіктерінің деректері бойынша астықтың жалпы жиналымын болжамды көлемі 15,3 млн тонна деңгейінде болады деп күтілуде. Бұдан басқа республикада 3,5 млн. тонна көлемінде ауыспалы астық қалдығы бар», – деді Ербол Қарашөкеев. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында биыл Азық-түлік келісімшарт корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алуы жүзеге асырды, соның арқасында Азық-түлік келісімшарт корпорациясының ресурстарына 769,5 мың тонна көлемінде астық жеткізуге келісімшарт жасалды. Бұл ретте Азық-түлік келісімшарт корпорациясында 448 мың тонна көлемінде резервтік астық қоры бар. Көрсетілген астық көлемі қажет болған жағдайда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны тұрақтандыру үшін ішкі нарыққа бағытталатын болады. «Ауыспалы қалдықтарды ескере отырып, жалпы жиналатын астықтың күтілетін көлемі республиканың ішкі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ астықтың белгілі бір көлемін экспорттауға жеткілікті. Өндірілетін астық көлемі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп ғана қоймай, Қазақстанның экспорттық нарықтардағы позициясын сақтап тұруға да мүмкіндік береді», – деді Е. Қарашөкеев.

ЦОЙ «ҚЫЗЫЛ» ЖӘНЕ «САРЫ» СТАТУСЫ БАР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой «Қызыл» және «сары» статусы бар қазақстандықтардан жауапкершілік танытуды сұрады, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Үкімет отырысында министр Ashyq жобасы аясында мониторингтік топтар 60 473 нысанды тексергенін, оның ішінде 1183 унаскоде (тексерілген нысандардың 2 пайызы) заң бұзушылықтар анықталғанын айтты.

– «Ashyq» енгізілгеннен бері «қызыл» және «сары» статусы бар 46 067 тұрғын анықталды. Оның ішінде ПТР-сынамасы оң нәтиже көрсеткен 29 930 адам және байланыста болған 16 137 адам бар. Статистика көрсеткендей, өкінішке қарай, кейбір тұрғындар талаптарды орындамайды. Осылайша басқаларға вирус жұқтыру қаупін төндіреді. Өзгелерге қауіп төндіретін тұрғындардан азаматтық жауапкершілік танытуды және вирустың таралуына ықпал етпеуді сұраймын», – деді Цой қазақстандықтарға.

Сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы карантинге қарамастан, бірқатар өңірде тұрғындар салтанатты іс-шара (үйлену тойы, еске алу кештері және басқалары) өткізетінін және карантин режимін өрескел бұзу дерегі тіркеліп жатқанын айтты.

– Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдарға мониторингтік топтардың жұмысын күшейтулі тапсыруды сұраймын, – деп қосты Алексей Цой.

ҚР СІМ: АУҒАНСТАНДА ҚАНША ҚАЗАҚ БАР?

Ауғанстан аумағында қазіргі уақытта қанша этникалық қазақ тұрып жатыр. Бұл сұраққа ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров жауап берді, – деп хабарлайды КазАқпарат тілшісі.

– Ауғанстандағы этникалық қазақтардың өтініштеріне байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрлігіне олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, қажет болған жағдайда тарихи отанына қайтару мәселесі бойынша барынша көмек көрсетуді тапсырды», – деді Айбек Смадияров тілшілерге берген сұхбатында. Оның айтуынша, этникалық қазақтар мәселесі Қазақстанның Ауғанстандағы елшілігін ерекше бақылауында. «Біз бар мәліметтерге сәйкес, Ауғанстан аумағында 15-ке жуық этникалық қазақтардың отбасы тұрады. Нақтырақ, 200-ге жуық этникалық қазақ. Кейбір БАҚ Ауғанстанда бірнеше мың этникалық қазақтардың тұратыны туралы тексерілмеген ақпарат таратты. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Осыған байланысты ақпаратты мұқият қайта тексеруді және қажетсіз дүрліктерді түзуді сұраймыз. Біз тиісті жұмыс жүргізіп жатырмыз және Ауғанстандағы қазақтармен тұрақты байланыстамыз», – дейді ол.

1 қыркүйекте мектеп табалдырығын алған аттаған бүлдіріндерге «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты алғашқы қоңырауда «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етіледі. Осы күні 2-11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында Республикалық сынып сағаттары өткізу жоспарланған.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Сонымен қатар, оқу жылының басында білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру және міндетті формативті бағалау жалғасады.

Келесі жаңалықтардың бірі 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы, 6-сыныпта «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін домбыра тартуды үйрету курсы енгізілді.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балалардың мұқтаждығына әлі де болса осал бейімделген. Осы олқылықты жою мақсатында ерекше білім берулі қажет ететін білім алушыларды бағалау және тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін кешенді шаралар ұйымдастыру қолға алынды. Сонымен бірге, білім беру мекемелерінде инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға байланысты біршама жұмыстар атқарылуда.

Тәрбие саласында «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру және мектеп пен отбасында күнделікті 20

минут кітап оқуды ұйымдастыру көзделіп отыр. Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейтуге де назар аударылды.

Былғы оқу жылында еліміздің мектептері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, ағартушы-ұстазымыз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығын атап өтеді. Көрнекті педагогтың мұралары мен өсиеттері бүгінгі күнге дейін құндылығын жоғалтпады.

Жаңа 2021-2022 оқу жылының 1-сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүргізілді. Ағымдағы жылдың 1 тамызында жағдай бойынша 1 сыныпқа 1757 бала қабылданды. Жезқазғандық мектептердегі барлық оқушылар саны – 15037.

Жаңа оқу жылында мектепте оқушыларға мектеп формасын кию немесе классикалық стильдегі киім (түсі ақ – кейде, кара, қою көк – шалбар, белдемше) кию ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы №64 Қаулысымен (2020 жылғы 30 желтоқсандағы №949 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген «Білім алушыларға материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты және есепке алу ережесіне...» сәйкес жалпыға міндетті оқу қорынан мектеп формасын, аяқ киім, кеңсе тауарларын сатып алу және халықтық әлеуметтік осал топтарының балалары үшін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету қарастырылған. Осы ретте, былғы жылы 1 оқушыға мектеп формасы мен аяқ киіміне 25,0 мың теңге, кеңсе тауарларына 5,0 мың теңге көлемінде қаржы қарастырылған. 1 қыркүйекке дейін жоғары



рыда аталған санатты отбасы балалары мектеп формасымен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіледі.

Оқу нысаны дәстүрлі режимге көшкен жағдайда 1-11 сынып оқушылары арасынан аз қамтамасыз етілген отбасы балалары және барлық 1-2 сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жалғастырылатын болады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағының 20-тармағына сәйкес қала мектептерінде қыркүйектен бастап арнайы жабдықпен бағдарламалық қамтамасыз етуді орната отырып, асханаларда білім алушыларға қолма-қол ақшасыз есептеу жүйесі енгізілуде. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі бюджет есебінде қамтылып отырған аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына қатысты емес. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізуді «Halyk Bank» АҚ жүзеге асырады.

Мектептердегі кітапхана қорынан 2-11 сынып оқушыларына жеткілікті түрде барлық оқулықтар тартылып берілді. 1-сынып оқулықтары 30 тамызға дейін мектеп тарапынан беріледі.

2021 жылы оқушылардың жеңілдікпен жол жүру билеттері №№ 1, 3, 5, 6, 8, 3/20, 96, 98-бағыттарда жүретін көше автобустарына беріледі.

Қарағанды облысының 2021-2024 жылдарға арналған білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін кешенді қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын іске асыру мақсатында Жезқазған қаласы бойынша білім беру ұйымдарына 2021 жылы қаланың 13 мектебіне қауіпсіздік турнирлері, 33 білім ұйымына (17 мектеп, 14 мектепке дейінгі мекеме және 2 қосымша білім беру мекемесі) дыбыстық хабарлау жүйесі орнатылады. Жаңа оқу жылынан бастап біздегі 16 мектепке мамандандырылған күзет жүйесімен қорғалады.

Енді жалпы білім беретін мектептерінде мамандандырылған күзет қызметін «Қорғау-Күзет агенттігі» ЖШС ұйымдастырылатын болады. Жезқазған қаласының 4 ауыл мектебінен басқа, барлық білім беру ұйымдарында белгіленген стандарттарға сәйкес келетін бейнебақылау жүйелері орнатылған, «дабыл түймелері» орнатылған.

Айтул ҚҰДАБАЕВА, Қарағанды облысы білім басқармасының «Жезқазған қаласы білім бөлімі» ММ басшысының орынбасары

ӘКІМ САФАТЫ

Қала басшысының шаһардың тыныс-тіршілігі туралы толық білім, халықтың мұң-мұқтажынан хабардар болуы тұрғындар үшін аса маңызды. Дегенмен карантин ережелері әкімнен бетпе-бет жүздесуге мүрша бермей тұр. Замаң талабына сай «Instagram» әлеуметтік желісіндегі 101 000 оқырманы бар «etozhez» парақшасында ұйымдастырылған тікелей эфирге қатысып, тұрғындар сауалына жауап берген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров бірқатар өзекті мәселелерге кеңірек тоқталып отты.

ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Тікелей эфир барысында қала тұрғындарын тазалық мәселесі қынжылтатынына көзіміз жетті. Ауалар сыпырılmайтыны, коқыс контейнерлері уақытында тазаланбайтынын айтып назар салды. Олар, әрине, шетелдерден сатып алынатын болады, – деген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров жобаға «Қазанстан Халық Банкі» АҚ арқылы жүзеге асағын мемлекеттік «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 5 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлінгенін жеткізді. Оған қоса «Қазакмыс» корпорациясы 3,2 млрд теңге көлемінде инвестиция тартатын болады.

Бүгінгі күні Жезқазған қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтардың айлық көлемі 10380 шаршы метрлі құрайды. Қаладағы екі аулаға жер астына орнатылған жерасты коқыс контейнері орнатылған болатын. Тәжірибе барысында бұл коқыс контейнерлері өз тиімділігін көрсеткенін айтқан Қайрат Бектайұлы аталған

жоба алдағы уақытта жалғасын табатынына сендірді.

Жезқазғандықтарды қала-ішілік автобус қатынасына алаңдататынын естіген қала басшысы жолаушылар тасымалының үздіксіз әрі сапалы болуын қамту мақсатында нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, күзде бұл мәселе оң шешімін табатынын алға тартты.

Тұрғындар дене шынықтыру-сауықтыру орталығы құрылысының аяқталатын уақытын білгісі келді. Қайрат Бектайұлы мердігерлер арасындағы сот процесі кешен құрылысының тұралап қалуына себеп болғанын түсіндірді.

Бір сағатқа созылған онлайн кездесу арқылы қала басшылығына өздерін толғандырған сұрақтарды ашық жеткізе алған жезқазғандықтар мұндай форматтағы кездесулердің жиі өткізіліп тұруын сұрады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ЖОО – МІНДЕТ! ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күндегі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекесіз қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көпке сіңіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегенін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асырғанын кызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен қарсы тұру кабилеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігі-

не сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбей ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл индеттің түбегін жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі түсі де қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетулі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Абзал АХМЕТБЕКОВ, «ҚР АШМ АОК МІНК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы

САНАҚ – 2021 ХАЛЫҚ САНАҒЫ – МАҢЫЗДЫ НАУҚАН

Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапқелов ұлттық санағы не үшін жүргізілетіндігін түсіндіріп берді. «Алдағы санақ Қазақстан халқының тек саны бойынша нақты ахуалды ғана емес, сонымен қатар елдің әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша ел тұрғындарын сипаттайтын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық апаратын кен ағымды алуға, деректерді демографиялық, экономикалық қатынасты айқындау, басқа да әлеуметтік бағдарламаларды құру, сондай-ақ ғылымды, бизнесті және бүкіл қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдалануға, басқа елдердің, бірінші кезекте, ЕАЭО бойынша әріптес елдердің санақ деректерінмен салыстырмалы деректерді, санакаралық кезеңінде халық туралы статистикалық деректердің аясынан артыру және халықтың жас пен жыныстық құрылымы туралы нақты деректерді алуға, халықтың саны мен жыныстық-жас құрылымын бағалау үшін бастапқы базаны, халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының жағдайын сипаттайтын ақпаратты алу, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеуді жүргізу бойынша нақты ахуалды да білуге



мүмкіндік береді», – деді Нұрболат Айдапқелов Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихаты барысында. Бүгінгі санақ бойынша атап өтуіміз, ұлттық халық санағы 2021 жылғы 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында өткізіледі. Оның ішінде 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін демографиялық және әлеуметтік-экономикалық апаратын кен ағымды алуға, деректерді демографиялық, экономикалық қатынасты айқындау, басқа да әлеуметтік бағдарламаларды құру, сондай-ақ ғылымды, бизнесті және бүкіл қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдалануға, басқа елдердің, бірінші кезекте, ЕАЭО бойынша әріптес елдердің санақ деректерінмен салыстырмалы деректерді, санакаралық кезеңінде халық туралы статистикалық деректердің аясынан артыру және халықтың жас пен жыныстық құрылымы туралы нақты деректерді алуға, халықтың саны мен жыныстық-жас құрылымын бағалау үшін бастапқы базаны, халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының жағдайын сипаттайтын ақпаратты алу, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеуді жүргізу бойынша нақты ахуалды да білуге

онлайн санақ жүргізіледі. Ел тұрғындары санақ жүргізудің мамандандырылған sanaq.gov.kz сайтында онлайн тәртібінде өздері мен отбасы мүшелері үшін санақ парақтарын өз бетімен толтыра алады. Жүйе тәулік бойы жұмыс істейтін болады, бұл респондентке санаққа қатысуға қолайлы уақытты таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, сайтта нысанды толтыруды тоқтатып, кейінірек жалғастыра алатын мүмкін болады. Ал 1 қазан мен 30 қазан аралығында планшеттерде жаппай сауал салу жүргізу болады.

Естеріңізге сала кетсек, әр он жыл сайын өткізілетін ұлттық халық санағы биыл «Қазақстанда әркім маңызды!» ұранымен қазанның соңына дейін өтеді.

Санақ кезінде тұтас республика бойынша «1446» қысқа нөмері бар бірнұғай байланыс орталығы жұмыс істейді. 8 800 800 878 нөмеріне де хабарласуға болады.

Infographic for 'Халық санағы 2021'. It lists 6 steps: 1. KAZINFORM ХАЛЫҚ САНАҒЫ; 2. Бірінші тәсіл – sanaq.gov.kz мамандандырылған сайттағы интернет-сауалнама; 3. Сайт 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 15 қазанына дейінгі мерзімде тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді; 4. Екінші дәстүрлі тәсіл – үйлерді аралау, белгіленген мерзім аралығында онлайн-режимде санақтан өткен респонденттер арасында жүргізіледі; 5. Интервьюерге сауалнама жүргізу үшін планшетке арналған мобильді қосымша жасалған; 6. Үйлерді аралау 2021 жылдың 1-30 қазаны аралығында жүргізіледі. Қосымша мәліметтер жинау үшін сұралған тұлғаның ЖСН-і қолданылады. Бұл мәліметтердің қайталануын болдырмайды. Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. © «KAZINFORM» ХАЛЫҚ АРА АҚПАРАТ КӨЛІМДІ 2021 ЖЫЛЫ. WWW.KAZINFORM.KZ МЕКЕМЕ БІЛІМДІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖЕТІСІМДІ 2021 ЖЫЛЫ. © 2021.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ



— Әуезов көшесінің жөндеу жұмыстары толық аяқталып, 7735 шаршы метр асфальт жабыны төселді. Енді тек жарықтандыру жұмыстары ғана қалып отыр. 54 жарықдиодты шамды 27 жарықтандыру тірегі орнатылмақ. Асфальт қалыңдығы талапқа сай келеді. Үш жерден сынама жасадық. Барлық сынама қалыңдығы бірдей 12 см-ді құрады. Бұны техникалық бақылау маманы да растайды. Біз Әуезов көшесінен бөлек Смайылов көшесі мен 6-орамдағы көшелердің жөндеу жұмыстарын толық аяқтадық. Түсіпбеков көшесіндегі жөндеу жұмыстары осы ай соңында аяқталады. Бұл көшеге қазір жаяу жүргіншілер жолы төселіп жатыр. Енді біздің мердігерлігімізде қалып тұрғаны – Асылбеков көшесі. Осы көшеге жарық бағандары орнатылып жатыр, асфальттағы жұмыстары 20 тамыздан кейін басталады. Сметалық жоспарға сәйкес 70 жарық бағанын қарастырғанбыз, жұмыс барысында тағы төртеуін қосып, жалпы саны 74 баған орнатылды, — деген «Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС-ның директоры Руслан Рахымбековке Қайрат Бектайұлы Асылбеков көшесіндегі жөндеу жұмысын келер айдың он екісіне дейін толық әрі сапалы түрде бітіруді тапсырды.

Одан әрі Бекболатсай елді-мекенін аралаған әкім бастаған топты Бөкейханов көшесінің тұрғындары қарсы алды. Ұзақ жылдардан бері көше тұрғындарын аса қатты алаңдатқан жайт — көріз жүйесі. Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдары іргетасы қаланған қырық шақты үйдің көріз жүйесі ортақ. Сондықтан, бір-екі күнде толып,

көріз суы сыртқа жайылады. Алма-кезек сорғылау жүргізіп отырғандарын алға тартқан тұрғындар қала әкімінен осы мәселені біржақты етуді сұрады. Орталық көріз жүйесінің қазіргідей көлемге сай келмейтінін, сонымен бірге көріз суының қоршаған ортаға келтіретін зардабы жоғары екенін алға тартқан Қайрат Бектайұлы жаңа жоба жасауды ойластыратынын айтты. Оған дейін әрбір үй өз ауласына көріз құдығын орнатуы қажетін нықтап тапсырған әкім ұсынысына оның бағасы қалта көтермейтінін жеткізген тұрғындар наразылықтарын білдіріп те үлгерді. Көріздің соны үлкен экологиялық мәселеге айналмай тұрғанда ежіжақты бітімге келуді жөн санайтынын ескерткен Қайрат Бектайұлы тұрғындар жауапкершілікті сезінбеген жағдайда, тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау басқармасымен бірлесіп отырып, айыппұл салудан басқа амал қалмайтынын жеткізді.

Кездесу барысында Бекболатсай тұрғындары үздіксіз келіп тұрған ыстық және суық су үшін қала әкіміне алғыстарын білдірді. Елді-мекендегі орталық жылу жүйесіне қосылмаған жеке үйлер қыс айларында көмір көмегімен жылына тыны белгілі. Жылу мәселесіне көңіл толмаушылықтарын жеткізді, келер жылдан бастап Бекболатсай елді-мекенінің тұрғындары көгілдір отынның қызығын көретін болады. Биыл Талап пен Қабанбай батыр елді-мекендеріне толығымен газ тартылып болатын. Алдағы уақытта «бекболатсайлықтар» да газ жағатын күн алыс емес.

Талай жылдан бері елді-мекен тұрғындарының өзекті проблемасы —

# ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Шаһарда жүзеге асып жатқан барлық жөндеу, құрылыс жұмыстары қала басшысы Қайрат Әбсәттаровтың жіті қадағалауында. Қала әкімі бөлім басшыларымен бірге бірқатар нысандарды аралады. Алдымен әкім 91-орамдағы Әуезов көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарымен танысты. Былтырдан бері тұрғындардың мазасын қашырған аталған көшеге асфальт төсеуші мердігер — «Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС. Был қаламыздағы 8 көшенің, яғни Асылбеков, Аманжолов, Әуезов, Анарқұлов, Жанасов, Шевченко, Түсіпбеков, Смайылов көшелерінің жолдарын жөндеуге облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінген еді.



коғамдық көлік. Автобустардың үздіксіз жолаушы тасымалы жолға қойылмағаны күн суытқан кезде айрықша қиындық туырады. Әкімдік мамандарының былтыр берген уәдесіне тұрмағанына ашынған тұрғындарға қала әкімі тамыздың соңы мен қыркүйек басында қалаға 10 жаңа автобус келетінін хабар берді. Қыркүйек пен қазан айында да тағы көтеріп жатқан Алашахан даңғылы, 34 К мекенжайындағы жаңа үй құрылысы.

Мердігер үй құрылысы сапалы түрде салынып жатқанына сендірді. Жаңа су жүйесі құбыры тартылар болса, үй тұрғындары судан тапшылық көрмейді. 60 пәтерлі үй-

де сырлау, әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Кезекте тұрған тұрғындарға қыркүйек айының соңына қарай жаңа баспана кілті табысталамын болады. Көпқабатты үй «Отбасы банк» арқылы кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына үлестіріледі. Әлеуметтік желіде «үйлер кезекпен емес, бармақ басты, көз қыстылықпен бөлініп жатыр» деген жалған ақпаратты жоққа шығарып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қала әкімі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетовке жүктеді. Кезекте тұрған азаматтарға пәтерлерді жеті адамнан тұратын тұрғын үй комиссиясының мүшелері арнайы талаптарға сай табыстайтын болады. Бұл туралы апта сайын тікелей эфирде үй-ымдастырылатын «Адалдық алаңы» жобасында да толығырақ баяндай-

тынын жеткізген Ержан Есетов халық сенімін ақтау үшін аянып қалмайтынын жеткізді.

Аталған үйдің жобалық-сметалық құжатнамасында абақтандыру жұмыстары да ескерілген. Бұл облыстық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен іске аспақ.

Қала басшысы жаңа кейіпке еніп боялып жатқан Алашахан, 22 А және 22 Б мекенжайында орналасқан 9-қабатты үйлердегі жұмыс барысымен де танысып қайтты. Құны 20 млн теңгелік бояу жұмыстары «Сейтқазынов» және «Медет»

сетеді.

Әкім аулашыл жолдарды жөндеу жұмыстарын да ескеруіне қалдырмады. Был 15 мың шаршы метр аулашыл жолдарды жөндеу жоспарланған болатын. Сондай-ақ, 52 балаларға арналған ойын алаңы бой көтереді. Бұған облыстық бюджеттен 500 млн теңге бөлінген. Жеңіс көшесі, 15 мекенжайына ойын алаңын тұрғызуды мойнына алған «New Level» ЖШС-нің өкілі Жаскен Оразбеков жасанды шөп төсеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын айтты.



жеке кәсіпкерлігі жүзеге асыруда. Көк және ақ түстерге боялып, жаңа келбетке ие болып жатқан үйлерді бояушы мердігерлер жұмысын қатаң бақылауға алуды тапсырған қала әкімі жұмыс аяқсыз қалмауы қажет екенін ескертті. Осы орайда мұрал салу жұмыстары қайта жанданатынын еске салсақ, Алашахан даңғылындағы боялып болған 9-қабатты үш үйге Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған мұралдар салынатын болады. Был қаладағы 9-қабатты алты үйдің сырты әрленеді. Бояған мердігерлер үш жылдық кепілдеме негізінде қызмет көр-

Биыл Алғашқы құрылысшылар алаңында орналасқан «Пирамида» ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілмек. Жезқазғанның символына айналып үлгерген аталған ғимаратты жаңа келбет сыйлауды «СМК Строй» ЖШС өз жауапкершілігіне алып отыр. Бүгінде қала әкімі және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен тығыз қарым-қатынаста ғимарат сыртының жаңа жобасын дайындап жатқан «СМК Строй-дың» басшысы Дамир Иманбеков сәнді әрі сапалы жұмыс атқарылатынына сендірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ПИК ЖҰМЫСЫН ШИРАТАДЫ

Қала тазалығы — жезқазғандықтарды алаңдатқан басты мәселелердің бірі. Сондықтан, қала әкімі пәтер иелері кооперативтерінің өз міндеттерін тиісті деңгейде орындауын қадағалау мақсатында атта сайын жиын өткізеді.

«ZOOM» платформасында ұйымдастырылған кезекті отырыста қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Аліса Сағымбаеваның қысқаша баяндамасымен таныстырып, ПИК төрағалары атқарған жұмыстарының есебін берді. Дегенмен, қала әкімі аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімі жинақтаған материалдарға сүйенсек, тазалық көңіл көншітпейді.

Алдымен көпшілік назарына Раскова көшесі, № 4 мекенжайындағы көпшәтәрілі тұрғын үйдің ауласы ұсынылды. Жиналмаған қоқыс жел салдарынан айналаға жайылып, ренізі кейіп туыдырған. Аталған үйдің ауласына — «Тәуекел» ЖШС жауапты. Мұндай оқлық Девел көшесі, 1 мекенжайына қарайтын «УК ЖК» ЖШС-нен де табылды. Одан әрі Мир даңғылы, 49, 51 мекенжайына жауапты «Светлана» ПИК-і де тазалық жайын жарыптай отырғаны белгілі болды. 20 көпшәтәрілі үйге бір ғана аула сыпырушы қызмет көрсететінін және қазіргі уақытта оның денсаулық жағдайына байланысты жұмысқа шыға алмай отырғанын жеткізген ПИК өкіліне қала әкімі қатаң тапсырма берді.

6-орамдағы біршама үйлерге жауапты «Алтай» ПИК-інің Жәлел көшесі, 3, 9 және Есенберлин көшесі, 55 мекенжайындағы үйлерінің маңайынан да оқлықты жайттар орын алған. Жеке кәсіпкерлер мен күрделі жөндеу жүргізіп жатқан тұрғындардың габаритті қоқыстарын есік алдына шығарып тастап жатқанын айтқан ПИК басшысы оларға ұчаскелік полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірге ескерту жасалғанын, дегенмен оны елесп жатқан тұрғындар жоғына ренішін білдірді.

Сонымен қатар жиын барысында Алашахан даңғылына қарайтын «Жаса», «Арман», Құрылысшылар көшесіне жауапты «Әділет жер» ПИК-терінің де аула тазалығына мардымсыз қарайтынын анықталды. Апта сайын емес, қоқыс шашылған мезеттен ұзамай жиналып отыруын ескерткен қала әкімі бір күн ішінде жинау-сыпыру жұмыстарын жүргізіп, толық аяқтауға тапсырма берді.

Қаладағы қоқыстарды уақытылы шығармай, сылтау айтқан «Сәт тазалық» ЖШС басшысы Әділхан Әметовтің жұмысына көңілі толмаған Қайрат Бектайұлы ескертпелер уақытында орындалмаған жағдайда қатаң шаралар қабылданатынын ескертті.

Өз тілшіміз

Дітпеген жеріне қоғамдық көлікпен жететін жезқазғандықтарға барынша жағдай жасау мәселесі бүгінде әкімнің тікелей бақылауында. Жыл соңына дейін қала көшелеріне жаңа автобустарды жүргізуді мақсат еткен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан ЕСЕТОВТЕН аялдамаларға да көңіл бөлетінін білдік.



— Жалпы Жезқазған қаласы бойынша 75 аялдама павильоны бар. Оларды күтіп-ұстау мен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу «Өрт сөндіруші» ЖШС жүктелген. Аталған мердігер қазіргі таңда 40 аялдаманы сырлап, ретке келтірді, — деп бүгінгі жағдайынан хабар берген Ержан Жағыпарұлы бізде заманға сай жылғы аялдамалар пайда болатынын айтты. Бүгінде мұндай аялдама Алғашқы құрылысшылар алаңында салынууда.

Жезқазған қаласының жер қатынастар бөлімі өткізген аукционға қатысып, 1 жыл мерзімге 18 шаршы метр жерді

жалға алған «ЖезЦветы» ЖК иесі Темірлан Жәнділдинов тамыздың соңына дейін аялдаманы іске қосуды жоспарлап отыр. Жазғы және қысық деп бөлінген аялдамада кәсіпкер өз кәсібін дөңгелетпек. Енді жылы әрі тегін интернеті бар аялдамада гүл сатылады. Алдағы күндері де тағы бірекі аялдама павильонын өз қарамағына алуды жоспарлаған Темірлан Жәнділдиновке қуанышты хабарымыз бар. Жылдың соңына дейін қалалық жер қатынастары бөлімі аялдамаға арналған жер телімдерін аукционға шығармақ. Бұл жөнінде бөлімнің басшысы Марғұлан Сейдахме-

Мемлекеттік қызметкерлер Жезқазған қаласының айналасындағы қоқыстан тазартуға кірісті. Өткен аптада олар ұйымдастырған сенбілікте 31804 текше метр қоқыс жиналған.

— «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ Қарағанды облысы аумағында жасаған ғарыштық мониторингісіне сәйкес Жезқазған қаласында 6 заңсыз қоқыс алаңы барын анықтаған. Қоқыс алаңдары қаланың сыртында. Ондағы қоқыстың көлемі үлкен. Нақты айтқанда, қоқыс үйінділерінің ауданы шамамен 3153 шаршы метрді немесе 28200 тоннаны құрап отыр. Сондықтан, бұл мәселені бір сенбілікпен шешу қиын, — деген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Роза Момышева өткен аптадағы сенбілікте 14 мемлекеттік мекеме мен 2 кәсіпорыннан 52 адам жұмылдырылғанын айтты. Қоқысты шығаруға «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС 5 арнайы көлік бөлген. Талап, Малшыбай мен Кенгір селолық округінің айналасы, сондай-ақ Жошы хан кесенесі бағытындағы жолдың бойын қоқыстан та-

## ҚАЛА СЫРТЫНДАҒЫ ҚОҚЫС

тазартыла бастады

зартқан мемлекеттік қызметшілер осы аптада Геология елді-мекенін бетке алмақ.

Әлі де болса Кенгір өзенінің оң және сол жағалауы, Кенгірдегі «Ұлы дала» гипермаркетінің артқы жағы, «Автомобилист», «Аэропорт» саяжайлары тазалауды қажет етеді.

Бүгінде қала ішіндегі 140 қоқыс алаңынан жиналатын 42 тонна қоқысты «Сенім-Строй» ЖШС қоқыс полигонына шығарады. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабына сәйкес абақтандыру ережесін бұзған 1098 қала тұрғынына қатысты әкімшілік хаттама толтырылған. Қоқысты арнайы жерге тастамаған 4 тұрғынға 29000-79000 теңге аралығында айыппұл салынған. Алдағы күндері де тәртіп сақшылары қаланың көрін қоқыспен қашығандарды анықтауға білек сыбана кіріспек.



Диана ОРАЗАЛИНА



ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

# ТАРАСАТТІЛДІ ҒҰМЫР



ҚР-ның Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай Жезқазған тарихи-археологиялық музейі «Елінің елеулі азаматтары: Ұрпаққа үлгі» жобасының аясында қаржы саласының мейіраман, «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісінің, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Рахымжан ЖҰМБАЙҰЛЫНА арналған көрме ұйымдастырылды.

«Біздің өміріміз қас-қағым сәт қана. Бірақ әлемде жақсының аты қалады. Халық тек ізгілікті істердің ғана даңқын асқақтатады» демекші, өңірдің дамуына және қалыптасуына қажырлы еңбек еткен, халық мақтан тұтқан ұлы даланың ұландарын еске алу және оларды ұлықтау біздің басты мақсатымыз болуы керек. Соның бірі қаржы саласында 40 жыл талмай еңбек еткен Рахымжан ағамыз.

Рахымжан Жұмбаев 1934 жылы 4 желтоқсанда Жезді кентінде дүниеге келген.

Әкесі Жұмбай Құдайбергенов пен анасы Ақбала Әксібайқызы ауыл шаруашылығымен айналысып, мал бағып, қиын-қыстау кезеңге қарамай бес бала тәрбиелеп өсірді. Рахымжан аға 2 ұл мен 2 қыздың артынан ерген үйдің кенжесі еді. Балалық шағынан бастап барлық бауырларымен бірге ата-анасына көмектесіп тылда жұмыс жасады.

Жездідегі орта мектепті тәмамдаған соң 1951-1953 жылдары Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Әскерден кейін арман қуып Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, 1957 жылы дипломын алып туған елге оралады. Алғашқы еңбек жолын 1958 жылы Жезқазған қаласы Еңбекші депутаттарының қалалық кеңесіне қалалық жоспардың төрағасы қызметінен бастады. Рахымжан ағаның еңбек жолы біртіндеп биікке өрлей бастады. 1960-1963 жылдар аралығында Жезқазған қалалық қаржы бөлімінде бюджет бойынша аға инспектор қызметін атқарды. 1964 жылы Қазақстан КП Жезқазған қалалық партия комитетінің аппаратына ауысып, онда 1967 жылға дейін нұсқаушы лауазымында жұмыс істеді. Қаржы саласында қызмет ету қырағылық пен

ұқыптылықты қажет ететінін ұстанған Рахымжан ағамыз 1967-1976 жылдары Жезқазған қаласының қалалық қаржы бөлімінің меңгерушісі лауазымын адал атқарды. 1976 жылы облыстық қаржы бөліміне, бөлім меңгерушісінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

1982 жылдан 1984 жылға дейін Жезқазған қаласының Жезқазған облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқармасының бастығы, 1984 жылдан 1988 жылға дейін Жезқазған жолаушылар автобасқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. 1988 – 1992 жылдары Жезқазған облыстық атқару комитетінің Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары ретінде еңбек етті. 1992 жылдан 1994 жылға дейін Жезқазған қалалық қаржы бөлімінің меңгерушісі қызметінде болды. Рахымжан Жұмбайұлы бірнеше облыстық форумдардың, съездердің, конференциялардың делегаты болып қатысты. Қаржы саласында 40 жыл еңбек етіп, 1998 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Зейнетке шыққанына қарамастан қаламыздағы қоғамдық жұмыстарға атсалысып, жастарға білген-түйгенін үйретіп, отбасына бар өмірін арнаған абзал жан еді.

Еңбекке жастайынан араласқан Рахымжан ағаның еңбегі еленбей қалмады. 1979 жылы КСРО Қаржы министрлігінің және мемлекеттік мекеме қызметкері кәсіподағының Орталық Комитетінің «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Жезқазған облыстық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің шешімімен 1984 жылы «Еңбек ардагері», КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының Қаржы саласы ардагерлерінің 1996 жылғы бірінші слетінің қатысушысы, онда Қазақстан Республи-



касының Қаржы министрі А. С. Павловтың қолынан грамота алды. Облыстық және қалалық мәслихаттардың грамоталары мен мерейтойлық медальдарымен бірнеше мәрте марапатталған. 1994 жылы Жезқазған қаласының құрметті азаматы атағын алды.

Рахымжан Жұмбайұлы білікті маман, адал дос болумен қатар өнегелі шаңырақтың тірегі бола білді. Оның шаңырағында татулықтың, берекенің, сыйластықтың лебі есіп тұрушы еді. 65 жыл отасқан байсалды, сабырлы, жаны жақсылықты сүйетін жан жары Айкен Сұлтансейітқызымен 1956 жылы отау құрды. Балаларына асқар таудай әке болған Рахымжан ағамыз бен аяулы анамыз Айкен 2 ұл, 3 қыз өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Айкен апамыз ұзақ жылдар медицина саласында еңбек еткен жан. Қазір құрметті еңбек демалысында.

Осы балаларының бойына сіңірген еңбегі зая кетпей, ата-ана үмітін ақтап, балалары қатарларының алды болды. Үлкен қызы Зарубал Рахымжанқызының бас қалада құрылыс саласында жеке кәсібі бар, ортаншы қызы Гүлшат Жезқазған қаласы әкімі аппаратында АХАЖ қыз-

меткері. Кіші қызы Құлпаш Алматы қаласындағы кеден қызметінде. Ұлдары Нұрлан мен Нұртай Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Нұрлан құрылыс саласында мемлекеттік қызметкер. Нұртай құрылыс саласында жеке кәсібінің жұмысын донгелетіп отыр. Рахымжан ағамыз бен Айкен апамыз осы балаларынан немере-шөбере сүйіп, қуаныштарына бөленді. Немерелерінің алды оқуларын бітіріп, бір-бір үйдің отын түтетіп отыр.

Рахымжан аға бір әулеттің ғана емес, қасиетті Жезқазған өңірінің аялап ұстаған қадірменді ақсалы еді. Өкінішке орай, асыл жүректі азамат Рахымжан ағамыз өткен айда шілденің 7 жұлдызында өмірден өтті. Артына өшпес із қалдырған біртуар тұлға, ардақты ұл, абзал әке мәңгіге көз жұмды. Артынан ізін жалғастырар жұбайы мен ұрпақтары қалды. Бүгінде Рахымжан ағаның жарқын бейнесін ұрпақтары ғана емес, бірге қызмет еткен ортасы, қала халқы мәңгі жадынан шығармақ емес.

**Майра ТОЛЫБЕК,**  
Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің  
экскурсоводы

# ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ЕСКЕРТЕДІ

## ДАЛАНЫ ӨРТ ШАРПЫМАСЫН ДЕСЕК...

- Дала жұмыстарына дайындалу кезінде**
1. Жем дайындау және егін жинаудың алдында
    - а) жинау машиналарды және агрегаттарды өртке қарсы дайындау, механизмдерге өртке қарсы нұсқау беруді ұйымдастыру және жем дайындау және егін жинау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорының басшысы жауапты адамдарды тағайындау керек;
    - б) жем дайындау және егін жинауға қатысатын трактористтер, комбайнерлер, олардың көмекшілері және басқа механизмдер арнайы бағдарлама бойынша өртке қарсы нұсқауды өту керек;
    - в) егін жинау жұмыстарына бөлінген адамдар да өрт қауіпсіздігінің негізгі шаралары бойынша нұсқау алу керек;
    - г) егін піскен кезінде егістікті күзету үшін шолғыншылар және егістік қызметкерлер болу керек;
    - д) егін массивтеріне және пішіндік қоныстарға жинау машиналарын және тракторларды шығару алдында оларды жөн ұшқын сөндірушілермен жабдықтау керек, жем тасымалдайтын автокөліктерді алдыңғы буферға шығарылған заводта жасалған жөн сөндіргіштермен жабдықтау керек;
    - е) жинау агрегаттарды және егін жинау жұ-

- мыстарына лайықталған ауыл шаруашылық техниканы бірінші өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау керек (2 өрт сөндіргіш, 2 күрек, 2 сыпырғыш, өлшемі 1,5х1,5м киіз немесе брезент);
  - ж) жинау жұмыстарына техниканы өртке қарсы жағынан дайындығы әр ауылшаруашылық кәсіпорында құрылатын арнайы комиссиялармен тексерілу керек;
  - з) өрт сөндіру көліктерінің, мотопомпалардың және өрт сөндіруге лайықталған техниканың техникалық жағдайын тексеріп, оларды жанармай майлайтын материалдар қорымен жабдықтау керек; ЕОСҚ жауынгерлік есептерді толықтыру және жүргізушілердің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету керек.
- Дала қостары орналасқан орындарда**
1. Уақытша дала қостарын егін массивтеріне, мекханизаторларына, малғарға және т.б. 100 метрден жақын орналастырмау керек. Дала қостарына, жанармай қоймаларына және көліктердің уақытша далалық тұрақтарына белгіленген алаңдарда ені 4 метрден кем емес жол жыртылады.
  2. Дала қостарын өрт сөндіру үшін су қорымен, өрт сөндіргіштермен, күректермен және сыпырғыштармен қамтамасыз ету керек.
  3. Асхана ошақтарын әртүрлі салуларға 30 метрден жақын емес және егін массивтеріне 100 метрден жақын емес орналастыру қажет. Осы

- ошақтарды ені 6 метрден кем емес жыртылған жолмен қоршау керек.
4. Егін массивтерінде және оның жанында ашық отты пайдаланатын жұмыстарға, темекі тартуға рұқсат етпеу керек.
  5. Дала қостарында, қырманда және пішін мен сабан маялайтын учаскелерінде темекі тартуға жабдықталған «Темекі тартатын орын» деген жазуымен орындар бөліну керек.
- Ыстықтан қорғанудың жолдары**
- Ыстық ауа райында келесі қауіпсіздік шараларын сақтаңыз:
- күн астында көп уақыт болмаңыз, әсіресе денсаулығы әлсіз адамдарға!
  - өрт қауіпі төнген кезде орман алқаптарына шығуды шектеңіз!
  - ыстық және желді ауа райында от жақпаңыз!
  - сөндірілмеген сіркікелерді, темекінің қалдықтарын, сынған шыныларды тастамаңыз!
  - алауларды, мангалдарды (барбекюді) тұтатпаңыз!
  - өрт қауіпі бар жұмыстарды жүргізбеніз! (өртеу, мастиканы жұмыс және т.б.)
  - балаларды қараусыз қалдырмаңыз!
  - дем алатын жерді ластанмаңыз!
- Барлық оқиғалар мен ТЖ фактілері туралы телефондарға қоңырау шалу – **112, 101** немесе **8(7212) 43-36-36, 43-37-37.**

## ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУ – БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЛІМНІҢ БАСТЫ – СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ

*Бала ашық терезенің алдында «асал» және мұның қарапайым себебі – табиғи қызығушылық. Өкінішке орай, соңғы уақытта біз балалармен байланысты жазатайым оқиғалардың күәсі болып отырмыз. Кішкентай бала, тіпті бірнеше секунд ересектердің қарауынсыз қалса да, терезеден құлап, өмірге сәйкес келмейтін зияраттар алуы мүмкін. Мұның себебі – ересек адамның ұқыпсыздығы!*

### ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАП ҚАЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҒЫ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ТЖ ДЕПАРТАМЕНТІ ҰСЫНАДЫ:



1. Кішкентай балаларды жалғыз қалдырмаңыз, өйткені құлау жағдайларының көпшілігі ата-аналар балаларын қараусыз қалдырған кезде орын алады.
2. Бала терезеге көтеріле алмайтындай етіп жиһаздың барлық түрлерін терезеден алыстатыңыз.
3. Ешқашан москитті торларға сенбеніз! Олар құлаудан қорғауға арналмаған! Керісінше, москит торы қайғылы жағдайға ықпал етеді, өйткені бала өзін қауіпсіз сезінеді және терезеге де, оған да сүйенеді. Көбінесе балалар торлармен бірге құлап кетеді.

## СУДА ДА ҚАУІП БАР

- Суға шомылу басынан бері суға бату оқиғалары жиіленіп кетті. Үлкен адамдардың қарауынсыз қалған балалардың суға кетуі ерекше алаңдатушылық туғырады.
- Осы уақытқа дейін ашық су айдындарында судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған демалушылар мен балықшылардың суға бату жағдайлары орын алады.
- Сіздерге әрқашан есте сақтауға тиіс қарапайым қағидаларды ұсынамыз:**
- Жүзу білмесеніз суға бөліңізден жоғары терендікке бармаңыз;
  - Балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
  - Мас күйінде суға шомылуға тыйым салынады;
  - Бейтаныс орындарда суға түспеніз;
  - Жағалаудан алысқа ұзамаңыз;
  - Өзіңізді үнемі бақылауда ұстаңыз;
  - Түнгі уақытта шомылмаңыз;
  - Үрмелі жүзу құралдарына сенім артпаңыз;
  - Суға қалқып тұрған желмен кеткен үрмелі құралдардың соңынан жүзбеніз;

- Суға шомылу маусымында Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар қала тұрғындары мен қонақтарын, балалар лагерлері мен демалыс орындарының қызметкерлерін, сушаруашылық нысандарының басшыларын өздері мен жақындарына айрықша көңіл аударуға шақырады.
- Сақ болыңыздар, судағы қауіпсіздік қағидаларын сақтаңыздар! Бұл өз кезегінде қайғылы оқиғалардың алдын алады.
- Бөгендер мен бөгеттерге жақын жерлерде жүзу және қайықты көпірдің астына тоқтату қауіпті.
- Судағы қайғылы оқиғаның куәгері болған әрбір адам «жедел жәрдемнің» келуін күтпестен зардап шегушіге алғашқы көмек көрсете білуі тиіс.
- Есте сақтаңыз!** Зардап шеккен адамды тыныс алуы тоқтағаннан соң 5-6 минут ішінде өмірге қайтарып алуға болады.
- Су аумағында демалу барысында жағалауда және суда төнуі мүмкін қауіп жайлы ұмытпау керек.
- Сақтық шараларын ұстану – судағы басты қауіпсіздік талабы.

## ДАУЫЛДЫ ЕСКЕРТУЛЕРДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- тез арада терезелерді, ғимараттардың есіктерін және шатырдағы үй-жайларды жабуды, ашық алаңдарда қатталған сусымалы және жеңіл материалдарды жабуды ұйымдастыру;
- көлік құралдарын, құрылыстар мен желкентті заттарды нығайту, үлкен ағаштардың аумағынан автокөліктерді шығарып тастау;
- үрмелі құрылыстарды (батуттарды, бассейнерді және т. б.) және басқа аттракциондарды пайдалануға, сондай-ақ жүзу құралдарының суға шығуына тыйым салу;
- желдің күшін арттыру кезінде халыққа, қызметшілерге және жұмысшыларға ақпарат жеткізу және қозғалысты шектеу қажеттілігі туралы ескерту;
- мектептерде, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, демалыс лагерлерінде, емдеу-по-

- офилактикалық мекемелеріндегі науқастар мен қарт адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- дауылды ескерту кезінде ауданы үлкен әйнектелген терезе ойықтары бар үй-жайларда адамдардың болуына жол бермеу;
  - жолаушылар тасымалы кәсіпорындарының басшылары, автовокзал диспетчерлері дабыл түскен кезде халықты (жолаушыларды) хабардар етуге және автобустардың жүргізушілеріне дауылды ескерту, маршруттарда жүру тәртібі және ауа райының күрт нашарлауы кезінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нұсқау беруге тиіс;
  - адамдар көп шоғырланатын орындарда барлық жұмыс түрлерін жүргізуді шектеу;
  - ашық ауада болған кезде үйлер мен құрылыстардан, жоғары бағандардан, ағаштар-

- дан, жарнама қалқандарынан, дінгектерден, тірелерден және электр сымдарынан ашпақ болу қажет;
- тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердегі қатты жел кезінде ғимараттар мен құрылыстардың (шатырлар, төсемелер, қаптамалар және т. б.) конструкциялары элементтерінің жел жүктемелеріне жай-күйін тексеру;
  - авариялық және жөндеу топтарының әзірлігін тексеру, резервтік топтарды қалыптастыруға кірісу. Кезекші диспетчерлік қызметті күшейту, жауапты тұлғалардың кезекшілігін ұйымдастыру;
  - Төтенше жағдайлар мен барлық оқиғалар, халықтың тыныс-тіршілігінің бұзылу фактілері туралы ТЖД-не **8(7212) 43-36-36, 43-37-37** немесе **112** телефондары арқылы хабарлау.



ТАНЫМ



*Халқының басын төрге, ойын өрге шығару үшін барша жұмырын сарп етсе де, бейнетіне-зейнет, мейнатына-марапат тілемеген ардабол азаматтарға кенде емес екенімізді тарих дәлелдеп келеді. Азды-қанағат, барды-баянды ете отырып, ел аузында ғана сақталып келген тарлан тұлғаларымыз туралы мәлімет, деректерді зерттеп, жариялап, өскелең ұрпаққа таныту – басты міндеттеріміздің бірі.*

Ел мен жерінің тағдырына жаны күйіп, болашағы үшін бойдағы білім-жігері мен дарын қабілетін аямаған, белгілі қоғам қайраткері Ахмет ишан Оразайұлының туғанына биыл – 160 жыл. Бар өмірін халқына арнаған асыл азамат жайындағы бұл мақала архивтегі жеке тектік қор иелері №289 С. Бүкіровтің, №456 А. Қаражігітовтің, №545 С. Жалпақовтың жинақтаған қор құжаттары негізінде жазылып отыр.

оқып, Ибраһим Сайфудданов дейтін татар мұғалімнен сабақ алдым. Орыс әріптерін, төрт амал есеп үйрендім», – деп жазады.

Ахмет ишанды көзі көрген, шапағатына бөленген С. Шәріпов пен И. В. Девятин естеліктерінде де оның әлеуметтік қызметі мен азаматтық болмысы – әділдігі, әлсіздерге қайырымдылығы кенінен әңгімеленеді. Кезінде С.Шәріпов Ахмет Оразайұлын Байқоңыр аудан-

болады. Өзінің туған қызы Бибісараны ғана (академик М. Қаратаевтың шешесі) жәрдемшілікке алып бір өзі бірнеше мыңдаған адамның өміріне арашасы болды. Ел ішін аралап, ем-дом жасап жүргенде сүйікті қызы Бибісара сол ауруға ұшырап, өмірден өтеді. Халқы үшін қатерге басын байлап, өтелмес құрбандыққа барған жанның бұл ісін, ізгі қызметін елі әлі күнге дейін ұмытпай, нағыз ерлікке балайды.

# ЕЛ АРДАҚТЫҒЫСЫ – АХМЕТ ИШАН

Ахмет ишанның әкесі Оразай Бұғайұлы (1807 – 1893) Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласының маңындағы Зіңктер қыстағында дүниеге келіп, ауыл молдасына сауат ашады. Ержете келе Қоқан әміршісіне қызмет етеді. Біраз жыл өткен соң жойқын жорық пен ақкөз батырлықтың заманы өткенін түсініп, өңірге аты әйгілі Қолболды ишаннан дәріс алады, тәлімін үйренеді. Аз ғана уақыттың ішінде сол кісінің қолынан ишандықтың хатыршатын алып, Сұлутөбе маңындағы қыпшақ елінің шақыртуымен имам болып барады. Бауырынан өрбіген үш ұлын – Қожахметті, Ахмет пен Жармұхаметті өзі оқытып, дін жолына тәрбиелейді. Органшы ұлы – Ахметті (1861 – 1927) Бұқара қаласындағы медресеге жібереді. Ол оқуын үздік бітіріп, әкесі сияқты ишандық хатыршат алған соң Сарысу бойын жайлаған Бағаналы еліне дін басы – имам болып оралады. Өзінің зейінділігі мен алғырлығының арқасында ел құрметіне бөленіп, игі жақсылармен бірге екі рет Меккеге қажылық сапармен барып қайтады.

Ахмет ишан бірыңғай дін мәселесімен шұғылданып қана қоймай, Ұлытау мен Сарысу бойын жайлаған елге жаңа леп ала келеді. Діни оқумен қатар пәндік сабақтарды оқытатын бастауыш мектептер ашып, жастарға жан-жақты тәрбие беруге тырысады. Ахмет атамыз ашқан мектептің алғашқы шәкірті, академик Мұхамеджан Қаратаев «Көргенім мен көңілдегім» атты естелігінде: «Ауылымыз Телікөлдегі қыстауда екі-үш ай ғана аялдайды. Бес шақырым жерде нағашы атам Ахмет Оразев салдырған мешіт пен мектеп бар еді. Бір қабат қызыл кірпіш үйдің үлкен бөлмесінде Ахмет имамдық етіп намаз оқытса, екінші қанатында татар молдасы балаларға сабақ жүргізеді. Мен шешем өлген соң (1922) бір қыс нағашымның қолына көштім. Онда тағы бір жыл

дық ревкомның төрағалығына ұсынған екен. Мұның өзіндік себебі де бар: С. Шәріпов естелігінде, патша үкіметінің 1916 жылғы «Маусым жарлығына» байланысты Бағаналы елі қарсы көтерілгенде қол бастап хандық құруға Ахмет ишанның белсене араласқанын айта келіп, «Аталған хандықты ұйымдастыру мен оның құрылым-түзілісін жасауда сол тұста да, қазірде де Ақмола, Сырдария, Торғай губернияларында даңқы мен беделі мейлінше кең жайылған, ықпалы зор, белгілі ишан, атақты дін иесі Ахмет ишанның үлес-еңбегі ерекше болды. Екі жылдың ішінде бұл хандық қалың бұқараға айрықша беделді болып, жұрт сеніміне ие болды», – дейді.

Ахмет Оразайұлының емшілік қасиетімен де ел арасында кеңінен танылғаны белгілі. 1988 жылы зерттеуші-ғалымдар ол кісінің емшілік әдісін, қолданған дәрі-дәрмектерінің түрлерін жазып алып, Қазақстанның медицина тарихы музейіне тапсырған екен. Жинақталған материалдарды саралай келе, Ахмет ишанның емшілік қызметі негізгі үш саладан тұратынын айтады: біріншісі – ол әр алуан шипалық қасиеті бар тағамдарды, екіншісі – дәрілік өсімдіктерді, үшіншісі – шығыс жұртында бағзы заманнан қолданылып келе жатқан алмас, күшала, тотияйын, күкірт сияқты уытты нәрселерді ұтымды пайдаланған. Тіпті, кейде асыл кездікпен түрлі ісіктерді сылып алу арқылы да емдеген. Жастайынан ынтызар, зерек, шалымды болып өскен Ахмет Оразайұлы шығыстың емдік тәсілдерін Бұқара қаласында оқып жүргенде игеріп, Әбу Әлі ибн Синаның шығармаларымен танысады. Атақты тәуіптерден тамыр ұстап, таңдай басудың сырын үйренеді. Ол кісінің тәуіптік қызметінің шыны 1921 – 1923 жылдары Телікөл, Сарысу бойындағы тоғыз болысқа тараған оба (тырысқақ) ауруына қарсы күресі деуге

Сондай-ақ, Ахмет ишан халқының қамын жеп, келешегін ойлай білген көреген жан ретінде де танылады. Демократиялық-ағартушылық бағытты ұстанған өз тұрғыластары, алғашқы қазақ оқымыстылары сияқты ол да көшпелі тұрмыстың жетістігі мен кемістігін безбендей отырып, қыр елінің отырықшылық өмірге бейімделіп, егіншілікпен айналысуын жақтаған. Осы бағытта біраз шаруаға мұрындық болып, жұртына іс жүзінде үлгі-өнеге көрсеткен. Мысалы, ол кісі Сарысу өзенінен өзенді қоныстанған Сіңіртөк, Ойшұңқыр, Қыршұңқыр жазығына арық тарттырып, егін ектірген. Тұрғылықты халық оны «Ишан арығы» деп атаған.

Ахмет ишан Оразайұлы кезінде «Қазақ» газетінің шығуына атсалысып, қазіргі тілмен айтқанда демеуші болған. Аталмыш басылымның халқымыздың ес жнып ертеңін сезінуіне қосқан үлесі мен ағартушылық маңызы хақында белгілі жазушы, ұлт зиялысы Мұхтар Әуезов «Ақжол» газетінің 1923 жылғы 4 ақпандағы санында: «...Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширектірған, етек-жеңің жиғызған «Қазақ» газеті болатын», – деп жазды. Осы ұлттық басылымның қаз тұрып, қадам басуына, бірден бір жанашырлық танытып еңбек сіңіргендердің бірі, талантты журналист Ахмет ишанның бел баласы – Мұстафа Оразев. Ол туралы жазушы М. Әуезов жоғарыда үзінді келтірген макаласында: «Уфадағы «Галияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері тырбанып талап қылып, қазақша газет шығармақшы болған. Керектіні елден жинап, өз орталарынан шығарып, бастырушы қылып Мұстафа Оразевты, газеттеріне шығарушы болуға Аханды белгілеген», – деп жазады. Өз естелі-



гінде Мұстафа Оразайұлы газеттің қаржыландырылуы туралы: «Негізгі қаржыны әкемінің өзі берді, елдің басқа да игі жақсылары, жанашыр жандары үлес қосты. Газетті шығаруға дайындық кезеңінде ол кісі менің қолыма екі мың сом бергені есімде», – деп жазған екен. Сол кездің нарқымен есептегенде әлгі қаржының газеттің аяғын қаз бастырып, алғашқы нөмірлерін іркіліссіз шығаруға жеткілікті болғандығын айтады. Ахмет Оразайұлының бүкіл қазақ халқының білім-білім үйреніп, өзгелердей орнықты ел болуына қосқан зор үлесі – әйгілі «Қазақ» газетін шығару ісіне бас болуы дер едік. Бұл газеттің тарихи мәні мен мәдениетіміздегі орны тарихымыздан өз бағасын алған.


Ел басқару тізгінін қолға ұстағанымен әкелі-балалы Оразевтар «Қазақ» газетімен шығармашылық байланысын үзбей, уақыт ағымындағы, күн тәртібіндегі мәселелерге үн қосып, халықтың мұң-мұқтажына, ахуал-аңсарына қарай қалам тербеп отырады. Әсіресе, сол жылдары газет бетінде қызу айтыс тудырған тақырыптардың бірі – жаңа үлгідегі оқулық жасау мәселесі болды. «Қазақ» газеті өзінің 1913 жылғы 6-нөмірінде «Білім жарысы» деген мақала жариялап, ғылым-білім таратудағы оқулықтың орны мен мәні туралы ой өрбітті. Бұған ұлт жанашыры Ахмет ишан да үн қосып, газеттің осы жылғы 22-санында «Бәйге тігемін» деген мақала жариялайды. Бұл мақала қазақ оқымыстыларына ойртүкті болып, көпшілік қолдауына ие болады.

Ел ардақтысы Ахмет ишан Оразайұлы 1927 жылы 66 жасында жүрек ауруынан қайтыс болады. Қызылжыңғыл, Телікөл бойындағы көп елден халық жиналып, баяғы өзі қалдырған «Ахмет арығы» маңындағы төбеге күйген кірпіштен қос күмбезді ескерткіш ор-

натылады. Ахмет ишан кесенесі – XX ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. 1927 жылы халық шебері Ақберен Жақсыбердіұлы Ахмет ишан бейітінің басын тұрғызған. Ахмет ишан кесенесі күйдірілген кірпіштен көлемі әр түрлі екі үлкен бөлме түрінде салынған. Үлкен бөлмесінде зират бар, кішісін кіреберіс дәлізі және зиратхана ретінде салған. Осы кіші бөлкітін үстіне екінші қабат көтерілген. Кесененің үлкен бөлігі 7,0 × 7,0 метр күмбезден жабылған. Ішінен еденнен көтерілген сегіз арқа күмбез астымен бірігіп кеткен. Бөлмеге кіретін шағын ойық II пішінді маңдайшамен өрнектелген. Бір ғажабы бөлмеге кіретін есік бұл емес, оңтүстік бүйіріндегі қасбетінде, ал мына жалған есік қазақтың дәстүрлі кесенелеріне ортақ ерекшелік болып табылады. Кіші бөлмедегі екі баспалдақтың біреуі кесененің төбесіне шығады, екіншісі шағын күмбезді зиратханаға көтеріледі. Бүгінгі таңда ескерткіш жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші, өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілген.

Сөз соңында, Алланың ақ жолын ұстанған ұлт зиялысы Ахмет ишан Оразайұлы – елінің болашағы үшін еңбектеніп, қамшының сабындай қысқы тірлігінде төңірегін өнер-білімге, мәдениетке үндеп өткен екеніне тағы да көз жеткіздік. Халқына қадірі артып, беделі зор болған Ахмет ишан Оразайұлы сияқты арыстарымыздың есімін ардақтап, үлгі-өнеге ету бүгінгі ұрпақтардың абзал борышы деп білеміз.

**Жанагүл ОСПАНОВА,**  
**«Қазакан қаласы мемлекеттік архиві» КММ-нің «Құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінің басшысы**



«Вакцина халал, сондықтан мұсылмандарға қолдануға рұқсат етіледі. Өкінішке қарай, індеттің өршуі бұл туралы ойлануға мұрша бермейді. Алматыдағы эпидемиялық ахуал өте күрделі, барлық имам қаладағы жағдайды мұқият бақылап отыр. Біз жұқтырғандардың саны тұрақты өсіп келе жатқанын білеміз. Сондай-ақ отбасыларымызды коронавирустан қорғап, бір-біріміздің әл-ауқатымызға қамқорлық жасауымыз керек. Вакцина – денсаулық пен өмірді сақтау үшін осы жағдайдағы жалғыз ақылға қонымды шешім», – деді М. Пірімқұлов.

Наиб-имам ресейлік «Спутник V» вакцинасын жасаушылардың мәліметтерінен хабардар екенін айтады.

«Ол халал, өйткені оның құрамында шошқа желатині және исламда тыйым салынған басқа да өнімдер жоқ. Бұл вакцина Иран, Бахрейн және БАӘ сияқты

бірқатар мұсылман елінде қолданылады. Сондықтан уақытты босқа кетірмей вакциналарды халал және халал емес жағынан қарастырмаңыз. Адамдардың өмірін құтқаратын кез келді», – деп сөзін нақтылады наиб-имам.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бұған дейін «Исламда адам өмірі мен денсаулығынан артық құндылық жоқ» деген мәлімдеме таратқан болатын. Сондықтан әркім өз денсаулығына ерекше назар аударуы керек. Рухани басқарма вакцина адам денсаулығын қазіргі уақытта жаһандық қауіп төндіретін коронавирустан қорғаудың ең қауіпсіз және тиімді әдісі екенін еске салды. Ал шариғатта вакциналауға рұқсат берілді. Бірақ вакцина – бұл әр азаматтың жеке таңдауы.

«Өздеріңіз білетіндей, біздің елімізде және әлемде індетпен байланысты жағдай күрделі.

# ХАЛАЛ ВАКЦИНА ДЕГЕН БОЛА МА?

*Қаза, өлім-жітім көбейген күндерде Алматының мешіттері де қазіргі ахуалдан қалыс қала алмайды. Бір жағынан дін мен дерттің байланысы, ем қабылдауда да өзіндік нәтижелер бар екенін жоққа шығаруға болмас. Мәселен, иштасы бар тұнбалар мен дәрі-дәрмектердің құрамында этил спирті немесе шошқа майы болуы мүмкін. Осындай сауалдарға қатысты Алматы орталық мешітінің наиб-имамы Мадиар ПІРІМҚҰЛОВ мұсылмандарға вакцина мәселесіне күмәндандуың қажеті жоқ екенін айтып отыр.*

Күн сайын бір отбасынан бірнеше адам жұқпалы аурудан қайтыс болғаны туралы қайғылы оқиғалар қайталану бастады. Бұл вакцинаның қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан денсаулығымыз бен өмірімізді сақтап қалу үшін вакцинадан өтуге шақырамыз», – делінген ҚМДБ хабарламасында.

Жалпы, әлемдік діни өкілдері вакцинадан бас тартатын барлық діни сенушілер тек өздерін ғана емес, айналасындағылардың денсаулығын ойлауы тиіс екенін тынбай айтып келеді. Өйткені барлық дін, ең алдымен, жақындарын қорғауды басты парыз санайды. Осы ретте Алматының ең үлкен мешіттерінің наиб имамдары да өз ұстанымдарын алға тартты.

**Нұрболат Дүйсебаев,**  
**Алматы қаласы Бостандық ауданы «Байкен» мешітінің наиб-имамы:**

– Шариғатта коронавирусқа қарсы вакцинаға рұқсат етілгені әрі қасиетті Құранда өзіне де, басқаларға да зиян тигізбеу керек екені айтылған. Алла қандай ауру жіберсе де, оны мол сауабын жібереді. Жалпы, Алматыда діни бірлестіктер өкілдерінің көпшілігі өздерін және жақындарын қауіпсіздендіру үшін ғана емес, сонымен қатар індетпен күресте Қазақстан халқының бірлігін көрсету үшін, екенің өмірлік қажет екенін көрсету үшін вакцина алып жатыр.

**Қанатәлі Такиров,**  
**«Әли Мұхаммед» мешітінің имамы:**

– Коронавирусқа қарсы вакциналарда Ислам дінін ұстанушылар үшін тыйым салынған ештеңе жоқ. Біздің ата-бабаларымыз да «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген. Көптеген діни қызметкер қазірдің өзінде вакциналанған. Сондықтан Алматының басқа тұрғындарын оларды үлгі етуге шақырамыз. Ғылым исламның бір бөлігі екенін есте сақтау керек және біз ғылыми зерттеулерге сенуіміз керек. Алматы имамдарының белсенді ұстанымының арқасында мешіттер жұқпалы кеселдердің алдын алып, мыңдаған адамның өмірін

сақтап қалды. Ұжымдық дұғаларға тыйым салынды.

**Бауыржан Көптілезов,**  
**«Төле би» мешітінің ұстазы:**

– Қастандық теориясына сенбеу керек, дін мәселелерінде имамдарды, медицина мәселелерінде дәрігерлерді тыңдау керек. Қазір коронавирустың төртінші толқыны үдеп, жұрт жаппай ауырып жатыр. Төпсе темір үзетін жастарға да індет жұғып жатыр. Адам өмірін сақтау және құтқару үшін жасалып жатқан барлық іске шариғат тыйым салмайды, керісінше, құпталады. Сондай-ақ пайғамбарымыздың с.ғ.с «Өзіңе де, өзге де зиян тимесін» деген хадисін естен шығармауымыз керек.

**Дереккөз: kazislam.kz**



**ДҮЙСЕНБІ  
23 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Ауылдастар». 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «Біздің полиция». 15:20 «Замандастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қанатсыз құстар». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPAPAT. 20:40 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүзделу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPAPAT. 2:15 «Теледәрігер». 3:05 «Ауылдастар». 3:30 «Біздің полиция».

**ХАБАР**  
6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Ілияс Есенберлин. 11:30 «Қарлығаш ұш салғанда 2». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Алпыстан асып барамын».

**СЕЙСЕНБІ  
24 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPAPAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 15:00 «Қайсар жан». 15:20 «Замандастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қанатсыз құстар». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPAPAT. 20:40 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүзделу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPAPAT. 2:15 «Теледәрігер». 3:05 «Қайсар жан». 3:25 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.

**ХАБАР**  
6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Мұстафа Шоқай. 11:30 «Қарлығаш ұш салғанда 2». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Алпыстан асып барамын». 16:00 «Родина жедет». 18:00 Мегахит. «Расправ».

**СӨРСЕНБІ  
25 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPAPAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». М/х. 13:40 «АЙДАНАР-ЛАР. БЕРК САҚШЫСЫ». М/х. 14:00 «Теледәрігер». 14:50 «Тұлға». 15:20 «Замандастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қанатсыз құстар». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPAPAT. 20:40 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүзделу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPAPAT. 2:10 «Теледәрігер». Д/ф.

**ХАБАР**  
6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Сағадат Нұрмағанбет. 11:30 «Эзур». 13:00 «Сырлы қала».

**БЕЙСЕНБІ  
26 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPAPAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «АЙДАНАР-ЛАР. БЕРК САҚШЫСЫ». М/х. 14:00 «Дағу». Телеолимпиада. 15:00 «Менің Қазақстаным». 15:20 «Замандастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қанатсыз құстар». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPAPAT. 20:40 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүзделу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPAPAT. 2:15 «Теледәрігер». 3:05 «Менің Қазақстаным». 3:25 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.

**ХАБАР**  
6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Тілеп Аспантайұлы. 11:30 «Эзур». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Алпыстан асып барамын». 16:00 Российский сериал. 18:00 Мегахит. «Опасные пассажиры поезда».

**ЖҰМА  
27 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 AQPAPAT. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 «АЙДАНАР-ЛАР. БЕРК САҚШЫСЫ». М/х. 14:00 «Дағу». Телеолимпиада. 14:50 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 15:20 «Замандастар». 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Қанатсыз құстар». 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 AQPAPAT. 20:40 «ЗАМАНДАСТАР». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «Жарқын жүзделу». 0:30 «САНА». 1:35 AQPAPAT. 2:15 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 2:55 «Ауылдастар». 3:20 «Қазақ даласының құпиялары».

**ХАБАР**  
6:00 Хабарлайын. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуені». 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Бердібек Соқпақбаев. 11:30 «Эзур». 13:00 «Сырлы қала». 15:00 «Алпыстан асып барамын». 16:00 Российский сериал. 18:00 Мегахит. «Охранни». 20:00 Қоры-

**СЕНБІ  
28 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 «Ға-сырлар үні». 7:10 AQPAPAT. 7:50 «Сырлы сахна». 8:25 «БЕЙМӨЛЛІМ ӘЛЕМ». Д/ф. 9:15 «Ауыл жүлдыздары». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Ән мен әніш». 13:40 «Ұлы дала көмелесі». К/ф. 15:45 «Қыпшаығалары». М/ф. 17:10 «DARYN». Телеолимпиада. 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 «MASELE». 20:40 «Әзіл әлемі». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «ТРАНСФОРМЕРЛЕР: АЙДЫҢ ҚАРАҢЫ БЕТІ» К/ф. 2:00 «Masele». 2:40 «Ауылдастар». 3:05 «Ғасырлар үні».

**ХАБАР**  
6:00 Кел, шырқайық! 7:30 «Ән-өзі тану». 7:40 «Чужое гнездо». 10:00 «Tanqy festh». 11:30 «Политгон». 14:00 Телехика марафоны. «Қарлығаш ұш салған».

**ЖЕКСЕНБІ  
29 ТАМЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Tolağad». 7:35 «КҮМІС КӨМЕЙ». 8:25 «БЕЙ-МӨЛЛІМ ӘЛЕМ». Д/ф. 9:15 «Ауыл жүлдыздары». 10:00 «Ғашықтық дерті». 12:00 «Әзіл әлемі». 13:30 «Саңдыбал: жеті теңіз аңызы». М/ф. 14:45 «Үмітіді үзе». К/ф.16:15 Қуандық Рахымның концерті. 17:35 «СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖА-БЫЛҒАНЫНА. 30 ЖЫЛЫ». Арнайы жала. 18:00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». 20:00 «АРТА». 20:50 «Жүзден жүздік». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН Ғ». 23:20 «ТРАНСФОРМЕРЛЕР: ЖОЙЫЛУ ДҮБІРІ». К/ф. 1:55 «Arpta». 2:45 «Күміс көмеі».

**ХАБАР**  
6:00 Кел, шырқайық! 7:20 «Самопознание». 7:30 «Чужое гнездо». 9:30 Жұлдызды жеке-жек. 10:30 «Хронграф 2021». 11:00 «Политгон». 14:30 Теле-

16:00 «Родина жедет». 18:00 Мегахит. «Бронская история». 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Идетпен күрескен Қазақстан». Вакциналу тарихы. 20:45 «Қақ боролыс с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации. 21:00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала». 23:30 «Родина жедет». 1:15 «Тот, кто читает мысли».

**АСТАНА**  
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой» деректі драма. 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Менің жолым» д/ф. 15:30 «Сүлеймен Сұлтан». 17:00 «Алладин» т/х. 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:30 «Қазақы карантин». 21:00 «Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Қош келдіңіз!». 1:45 ASTANA TIMES. 2:15 «Біреудің есебінен» деректі драма. 3:00 «KazNet». 3:20 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интернғы». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Идетпен күрескен Қазақстан». Вакциналу тарихы. 20:45 «Қақ боролыс с эпидемиями в Казахстане». Исто-рия вакцинации. 21:00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала». 23:30 «Родина жедет». 1:15 «Тот, кто читает мысли».

**АСТАНА**  
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой» деректі драма. 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Менің жолым» д/ф. 15:30 «Сүлеймен Султан». 17:00 «Алладин» т/х. 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:25 «Қазақы карантин». 20:55 Loto 5/36. 21:00«Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Қош келдіңіз!». 1:45 ASTANA TIMES. 2:15 «Біреудің есебінен» деректі драма. 3:00«KazNet». 3:20 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интернғы». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05«Отбасы». 5:30«Бірегей».

**КТК**  
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ӨМІР СА-

15:00 «Алпыстан асып барамын». 16:00 «Родина жедет». 18:00 Мегахит. «Узник». 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Индустрия». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала». 23:30 «Родина жедет». 1:15 «Тот, кто читает мысли».

**АСТАНА**  
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой» деректі драма. 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Менің жолым» д/ф. 15:30 «Сүлеймен Султан». 17:00 «Алладин» т/х. 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:25 «Қазақы карантин». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Қош келдіңіз!». 1:45 ASTANA TIMES. 2:15 «Біреудің есебінен» деректі драма. 3:00 «KazNet». 3:20 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интернғы». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**  
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ӨМІР СА-

123». 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала». 23:30 Российский сериал. 1:15 «Тот, кто читает мысли».

**АСТАНА**  
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой» деректі драма. 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Менің жолым» д/ф. 15:30 «Сүлеймен Султан». 17:00 «Алладин» т/х. 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:30 «Қазақы карантин». 21:00 «Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Қош келдіңіз!». 1:45 ASTANA TIMES. 2:15 «Біреудің есебінен» деректі драма. 3:00 «KazNet». 3:20 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интернғы». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**  
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ӨМІР СА-БАҒЫ». 08:20 «ЯСМИННИЦ ТАҒДЫРЫ». 09:50 НОВОСТИ. 10:30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ». 11:50 «ЛЕК-

тынды жаңалықтар. 20:30 «Идетпен күрескен Қазақстан». Вакциналу тарихы. 20:45 «Қақ боролыс с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации. 21:00 Итоги дня. 21:30 «Сырлы қала». 23:30 Российский сериал. 1:15 «Тот, кто читает мысли».

**АСТАНА**  
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Қара ой» деректі драма. 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Үзілген моншақ». 11:20 «Қара ниет 2». 12:20 «Хон Гиль Дон». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Менің жолым» д/ф. 15:30 «Сүлеймен Султан». 17:00 «Алладин» т/х. 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:25 «Қазақы карантин». 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Қош келдіңіз!». 1:45 ASTANA TIMES. 2:15 «Біреудің есебінен» деректі драма. 3:00 «KazNet». 3:20 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интернғы». 4:3 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

**КТК**  
07:05 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 07:50 «ҮЛКЕН ИЙІ-3». 08:30 «БАСТЫ РӨЛДЕ». 09:00 «ТІК-ДА КАБАТОВ». 10:20 «ИОМОРИНА». 10:22 «ДЕКОРАЦИЯ УБИЙСТВА». 16:00 «АТАЛАР СӨЗІ». 18:30 «МЕРЕ-

хика марафоны. «Алпыстан асып барамын». 17:45 «Ән әлемі». 18:30 «Мәжіліс.кз». 19:00 «Айтпаған». 21:00 «7 күн». 22:00 Кино. «Қазақ хандығы. Алмас қылыш». 0:45 «Әсем әуені». 1:30 «Pro SPORT».

**АСТАНА**  
6:00 Каламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Үзілген моншақ». 12:00 «Қара ниет 2». 13:00 «Хон Гиль Дон». 14:50 Х/ф «Акшм». 17:40 «Алдараспан». 18:00 «Тағдырмн жазылған күн». 20:00 Үздік әндер. 20:45 Аяла алақан. 21:00 «Қара ниет 2». 22:00 «Үзілген моншақ». 23:25 «Хон Гиль Дон». 0:55 «Kas times». 2:05 «Үздік әндер». 3:30 «KazNet». 3:50 «Әзілтан». 4:10 «Ән мен әзіл». 5:10 «Үздік әзілдер».

**КТК**  
07:05 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 07:50 «АК ТЛЕК». ӨН-ШАШУ. 09:20 «ИОМОРИНА». 11:50 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА». 16:00 «АТА-

**КТК**  
07:05 «ӨМІР САБАҒЫ». 07:50 «ЯСМИННИЦ ТАҒДЫРЫ». 09:20 «ПАРИЖСКАЯ ТАЙНА». 11:30 «И СНОВА БУДЕТ ДЕНЬ». 16:00 «НЕ ПАРА». 18:00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:35 «БЕГЛЯНКА». 23:40 «ЛЕКТОР». 01:15 «НЕ ПАРА». 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:45 «ӨМІР САБАҒЫ». 03:25 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 04:10-04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**  
06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Регина+!». 11:00 Х/ф «Добро пожаловать в капкан». 13:00 «Бастық боламын». 14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:10 «Тайная жизнь моего секретаря». 17:30 Х/с «Гранд». 18:00 «Выбор матері». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Скорая помощь». 21:30 «Ата-ана, бала-шаға». 22:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00:00 Х/с «Гранд». 00:30 Х/ф «Опасный бизнес».

БАҒЫ». 08:20 «ЯСМИННИЦ ТАҒДЫРЫ». 09:50 НОВОСТИ. 10:30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ». 11:50 «ЛЕКТОР». 13:50 «БЕГЛЯНКА». 16:00 «НЕ ПАРА». 18:00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:35 «БЕГЛЯНКА». 23:40 «ЛЕКТОР». 01:15 «НЕ ПАРА». 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:45 «ӨМІР САБАҒЫ». 03:25 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 04:10-04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**  
06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Выбор матері». 11:00 Х/с «Скорая помощь». 13:00 «Бастық боламын». 14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:10 «Тайная жизнь моего секретаря». 17:30 Х/с «Гранд». 18:00 «Выбор матері». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Скорая помощь». 21:30 «Ата-ана, бала-шаға». 22:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00:00 Х/с «Гранд». 00:30 «Анна-детектив». 01:30 «Q-елі». 03:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05:00 «Қуырдақ».

БАҒЫ». 08:20 «ЯСМИННИЦ ТАҒДЫРЫ». 09:50 НОВОСТИ. 10:30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ». 11:50 «ЛЕКТОР». 13:50 «БЕГЛЯНКА». 16:00 «НЕ ПАРА». 18:00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:35 «БЕГЛЯНКА-2». 23:40 «ЛЕКТОР». 01:15 «НЕ ПАРА». 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:45 «ӨМІР САБАҒЫ». 03:25 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 04:10-04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**  
06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Выбор матері». 11:00 Х/с «Скорая помощь». 13:00 «Бастық боламын». 14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:10 «Тайная жизнь моего секретаря». 17:30 Х/с «Гранд». 18:00 «Случайный кадр». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Скорая помощь». 21:30 «Ата-ана, бала-шаға». 22:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 01:30 «Q-елі». 03:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05:00 «Қуырдақ».

TOP». 13:50 «БЕГЛЯНКА-2». 16:00 «НЕ ПАРА». 18:00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:35 «БЕГЛЯНКА-2». 23:40 «ЛЕКТОР». 01:15 «НЕ ПАРА». 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ». 02:45 «ӨМІР САБАҒЫ». 03:25 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ». 04:10-04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

**7-АРНА**  
06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Случайный кадр». 11:00 Х/с «Скорая помощь». 13:00 «Бастық боламын». 14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:10 «Тайная жизнь моего секретаря». 17:30 Х/с «Гранд». 18:00 «Случайный кадр». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Скорая помощь». 21:30 «Ата-ана, бала-шаға». 22:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00:00 Х/с «Гранд». 00:30 «Анна-детектив». 01:30 «Q-елі». 03:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**  
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 «Дидар». 10:15 Докфильм. 11:00 Деректі фильм. 11:30 «Ән шашу». 12:00 Т/х «Әке серті». 13:00 «Дидар». 13:30 «Президент Жолдасы: сенімге - серпім». 14:05 Док/фильм. 14:30 Фильм. 16:00 «Кисса». 16:10 Мультфильм. 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Әке серті». 18:00 «Дидар». 18:15 Мультфильм. 18:30 «Гороскоп». 18:35 «Кисса». 18:45 Докфильм. 19:10 Мультфильм. 19:30 Деректі фильм. 19:55 «Президент Жолдасы: сенімге - серпім». 20:30 «Дидар». 21:00 «Сәлем». 21:30 Фильм. 23:00 «Ән шашу». 23:30 «Дидар».

**7-АРНА**  
06:00 «Қуырдақ». 07:00 «ОЯН, QAZAQSTAN». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Случайный кадр». 11:00 Х/с «Скорая помощь». 13:00 «Япсары». 14:00 «Q-елі». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:10 «Орел и решка». 17:10 Х/ф «Предок». 19:00 «Студия 7». 19:30 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 21:30 «Ата-ана, бала-шаға». 22:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 00:00 Шоу «Маска». 03:00 «Арам ақша. Адал махаббат». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**  
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 Док/фильм.

КЕЛІК КОНЦЕРТ». 19:20 «АК ТЛЕК» Құдайберген Бекіітін ән-шапуы. 21:00 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА». 00:50 «НЕ ПАРА». 02:20 «АТАЛАР СӨЗІ». 03:30-04:30 «КТК-да КАБАТОВ».

**7-АРНА**  
06:00 «Ғу-гулет». 06:30 «Айна-online». 07:30 «Q-елі». 08:30 «Япсары». 09:00 «Мезгіліз сезім». 10:00 «Регина+!». 12:00 «Орел и решка». 13:00 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 15:00 «Мезгіліз сезім». 16:00 «Барлау». 17:50 «Q-елі». 18:15 «Зын-зын Құлшап». 20:00 Шоу «Маска». 23:00 «Jaidatar». 00:20 Х/ф «Игра Эндера». 02:40 «Япсары». 03:00 «Q-елі». 04:00 «Ғу-гулет». 05:00 «Айна-online». 05:30 «Қуырдақ».

**ДИДАР**  
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 «Дидар». 10:15 «Тауған жер-алтын бесігім». 12:00 Т/х «Әке серті». 13:00

ЛАР СӨЗІ». 18:00 «ШАНШАР». 21:00 «ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА!». 01:00 «АКИМ». КАЗАХСТАНСКОЕ КИНО. 02:45 «НЕ ПАРА». 03:25-04:10 «ӨЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

**7-АРНА**  
06:00 «Ғу-

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ



ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУДЕ

Тәуелсіздік таңы атқан тұста отбасымен қатар азат еліне қуаныштың бал дәмін сезіріп жарық дүние есігін ашқан Тәуелсіздік құрдастарының қай кезде де айыны асқақ, мерейі үстем боларына ешкімнің де таласы жоқ. Ел еңесін тіктейтін, кереметімізді кеңейткен, теремізді тең еткен Тәуелсіздікпен бірге биыл отыз жас ордалы тойын тойлағалы отырған біздің бүгінгі кейіпкерлеріміздің екеуі де өндірісті өлкеңіз дамуына белгілі дәрежеде өз үлестерін қосып жүрген жандар.



1991 жылы дүние есігін ашқан Еркебулан КІШБАЕВ автоматтандыру және басқару мамандығын тәмамдаған. Бүгінгі таңда «Қазақмыс» корпорацияның №67 шахтасында еңбек етеді. 2016 жылдан бері аталған мекемеде еңбек етіп,

слесарь-жөндеуші кәсібін жіті меңгерген Еркебулан өзі де шәкірттер даярлайды. Жұмысқа жаңадан орналасқан, тәжірибесіз жастарға ақыл-кеңесін айтып, дұрысын көрсетіп, жөн сілтеп жүретін ол ұжымға сыйлы, білікті мамандардың бірі. Нағыз ер жігіт қана істей алатын осынау жұмысын жан-тәнімен жақсы көріп, ерекше құштарлықпен атқара білген Еркебулан басшылық тарапынан да алғысқа бөленіп жүр.

Еркебулан Кішібаев жұмыспен қатар қоғамдық іс-шараларға да белсенді араласады. Ол, әсіресе, бала күнінен ала доптың қыр-сырына жақсы қанық. Соның арқасында жұмысқа орналасқан күннен бері көзге түсіп келеді. Ол «Қазақмыс» корпорациясы еңбеккерлерінен құралған футбол құра-

масында өнер көрсетеді. Жылдамдығымен, жедел әрі нақты шешімдерімен алаңда алғырлық танытқан Еркебулан «Спорт – денсаулық кепілі» деген ұранды ұстанады. Бірнеше мәрте өз тобымен бірге жеңіс тұғырынан көрінген оны командаластары да құрмет тұтады.

Адалдық, шыншылдық, батылдық сынды биік қасиеттерді бойында ұстап, озық оймен оқ бойы алға озған Еркебулан жігіттіктің жалынды кездерін артқа тастап, ел ағасы атанар жасқа қадам басып жатқанынан, зырғыған уақыттар легімен мойнына артылған жауапкершілігі мен міндеті де молаяр түсетінін жақсы біледі. Отызға аяқ басқалы отырған ол елінің мүддесі, туған жерінің қамы үшін маңдай терін сарп етуден аянып қалмақ емес.

биігінен, алғыс төрінен көріне білді.

2014 жылы облыс орталығындағы «Қазақмыс» корпорациясына мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан ол еңбекке араласып, ұжымға тез сіңісті. Біліктілігімен көзге түсіп жобалық топтарда жетекші маман болды.

Жұмыспен қатар отбасы мәселесін де қатар алып жүре білген Қарлығаш Рахметова қазіргі таңда ұл мен қызға жарық дүниесін сыйлап, «ана» деген аяулы атқа ие болып отыр.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына асыға күткен Қарлығаш бұл мерекенің өзі үшін және балалары үшін, сондай-ақ барша қазақстандықтар үшін маңызды зор деп санайды. Осынау Тәуелсіздігіміздің



тұғыры биік, мәртебесі жоғары болуын әрдайым аналық тілегіне қосып отыратын ол Ұлы Дала төсіндегі «Мәңгілік елдің» келешегі кемел боларына сенеді.

Дайындаған Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚОР ҚАРЖЫСЫ

Қымбат медициналық қызметтерді көрсетуге жұмсалуда

Қарағанды облысының 550-ден астам тұрғынына медициналық сақтандыру есебінен бүйректен тастарды алып тастау бойынша қымбат оталар жасалды.

Зәр шығару жолындағы тастарды хирургиялық емдеудің бір әдісі – «трансуретральды байланыс литотрипсиясы». Операция кезінде тастар арнайы жіңішке құралдардың – уретроскоптардың көмегімен ұсақталады, олар деструктивті импульсті тікелей тасқа жеткізеді. Эндоскоптар кез-келген зәр шығару жолындағы тасты ұсақтауға және тастың бөліктерін толығымен сыртқа шығаруға мүмкіндік береді. Бүйрек тостағаншасы мен астауындағы тастарды ұсақтау үшін арнайы икемді құралдар қолданылады.

«Бұл операция аз инвазивті және тиімділігі жоғары болып табылады. Бұл операция дәстүрлі операциялардан ерекшеленеді, өйткені пациент үшін жаракаттану ең аз және тез қалпына келеді», – дейді облыстық кли-



никалық ауруханасы урологы, жоғары санатты дәрігер Улан Ахметов. Қарағанды қаласының облыстық клиникалық ауруханасында 2021 жылдың 7 айында зәр шығару жолдарынан тастарды ұсақтау және алып тастау бойынша 557 операция жүргізілді. Құны 280 мың теңгеден асатын операция МӘМС пакеті шеңберінде – жоспарлы түрде және ТМ-ККК шеңберінде – шұғыл түрде тегін жасалады. Төлемді медициналық сақтандыру Қоры жүргізеді.

Сонымен бірге облыста МӘМС қаражаты есебінен 39 әйел экстракорпоралдық ұрықтандыру жасаты. 2021 жылға Қарағанды клиникасына репродуктивті процедураға 100 квота бөлінді.

33 жастағы қарағандылық Светлана Медведева (аты-жөні өзгертілген) күйеуімен 3 жыл бойы балалы болуға тырысты. 2021 жылы соңғы тексеруден кейін дәрігерлер әйелге беделулік диагнозын қойды. Бірақ ана болу мүмкіндігі бар екені белгілі болды – бұл ЭҚУ. «Аңсаған сәби» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Ақжан» Қарағанды клиникасына бөлінген 100 квотаның бірін Светлана алды. Ерлі-зайыптылар барлық қажетті тексерулер мен сынақтардан тегін өтті, ал мамыр айында ЭҚУ процедурасынан өтті.

«Мен екі апта күтпедім, 7-күні тест жасадым, ол 2 әлсіз жолақты көрсетті, 10-күні мен тест тапсырдым және жүктілік расталды. Мен ЭҚУ-ға келемін деп ешқашан ойламаппын, қызым бар, ол 12 жаста. Мен екінші баланы өзім туа аламын деп ойладым. Қайтадан ата-ана бо-

лу мүмкіндігі үшін медициналық сақтандыру бағдарламасы мен жүйесіне рахмет. Бұл барлық ерлі-зайыптылар үшін үлкен мүмкіндік», – дейді клиника пациенті.

Қарағанды облысында ЭҚУ өткізетін жалғыз «Ақжан» клиникасы 2013 жылдан бастап жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде ЭҚУ-ның 1600 циклы өткізілді, соңғы жылдары жылына 300-ге жуық цикл өткізіледі. Бүкіл жұмыс кезеңінде циклдардың тиімділігі 15%-дан 42%-ға дейін өсті. Биыл медициналық ұйым 100 квота алды.

«Мемлекеттік бағдарлама мен медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында көптеген жұптарда осы қымбат тұратын процедурадан тегін өту мүмкіндігі пайда болды. Квотаны қалай алады? Пациентті бекітілген жері бойынша емханаларда беделуліктен зардап шегетін адамдарды электрондық тіркелімге енгізеді. 12 ай ішінде беделуліктің себептерін тексергеннен және анықтағаннан кейін медициналық ұйым МӘМС жүйесінде қосалқы репродуктивті технология жүргізу туралы мәселені шешу үшін пациенттің құжаттарын облыстың денсаулық сақтау басқармасына жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі комиссияға жібереді. Наукас ЭҚУ процедурасынан қай жерде өтетінін өзі таңдайды», – деп түсіндірді «Ақжан» клиникасының ЭҚУ бөлімінің менгерушісі Евгения Лапина.

«ММСҚ» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы

Қарағанды облысының 550-ден астам тұрғынына медициналық сақтандыру есебінен бүйректен тастарды алып тастау бойынша қымбат оталар жасалды

Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалы «Парасат жолы» орталығында ҚРО Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты, еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген металлургі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Қазақмыс корпорациясының» ЖШС-нің құрметті ардагері, «Еңбектегі ерлігі үшін» және де басқа да медальдармен марапатталған, К. И. Сәтбаевтың көзін көрген, кітапханамыздың тұрақты оқырманы Нығмет Ильясұлы Ильясовпен «Металлург – мәртебелі мамандық» атты кездесу сағатын ұйымдастырды.

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Еліміздің түсті металлургиясының данқын шығарып, қашан да қарапайым қалпынан таймайтын Нығмет аға сұхбат барысында: «Мен, 1932 жылы Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Жағабұлақ ауылында дүниеге келдім. 1949 жылы Ақтөбеде орта мектепті бітірдім. Сол жылы Мәскеу мен Ленинград жоғары оқу орындарынан болашақ абитуриенттерді іріктеуге келген комиссия мүшелері жақсы оқыған балалардың тізімін алып, кім қайда барғысы келеді деген соң, мен Ленинградқа жазылдым. 1954 жылы жүрек қалауымен Г. В. Плеханов атындағы Ленинград тау-кен институтын түсті металлургия және асыл металдар мамандығы бойынша бітірдім. 1954 – 1961 жылдары Қарсақбай мыс қорыту зауытының металлургия цехында аға балкатушы, ауысым мастери, ғылыми-зерттеу зертханасының инженері, зертхана бастығы және өндірістік техника бөлімінің бастығы болып қызмет



атқардым. 1961 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының бас металлургі, 1968 жылы Жезқазған мыс зауытының өндірістік-техника бөлімінің бастығы, 1992 жылы «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми өндірістік бірлестігі директорының техникалық орыңбасары, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы бол-

дым», – дей келе, көргені көп Нығмет аға балқытұшыдан басшылық қызметке дейін қалай жеткенін, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ештеңеден қорықпай алға ұмтылу керек екенін, кітапты көп оқып білімдерін шыңдауға шақырып, оқырмандарға өзінің өмір жолы мен еңбек жолын толы-

ғырақ баяндап берді. Сұхбат соңында, М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының кітапханашысы Нығмет Ильясұлына естелікке кітап тарту етті.

Ақбиян ЖҮНІС, М.Әуезов атындағы кітапхана-филиалының кітапханашысы

COVID – 19 ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – МАҢЫЗДЫ

Пайдалы, құнарлы асты адамның арқауына балаған халқымыз ішкені мен жегеніне баса назар аударған. Әрдайым табиғи өнімдерді пайдаланған оларда ауру-сырқаудың аз болуы да кез келген нәрсені асқанға жөнелте бермей, таңдап, талпап тұтынғаннан болуы керек. Қазіргі дүкен сөрелерін жаулап алған көп өнімдер құрамындағы химиялық заттар адам ағзасын әсіретіп, иммунитетті төмендетіп созса.

«Ас бар жерде, ауру қалмайды» деген ата-бабаларымыздың дөп тауып айтқан қазіргі медицина ғалымдары да дәлелдеп отыр. Коронавирус өрті тұтанып тұрған сәтте ел тұрғындарының басым бөлігі, олардың ішінде отбасымыздан да кем дегенде бір адам аты жаман індетпен ауырып шықты. Осы тұста COVID-19 індетінен жазылған адамдардың тамақтануы, режимінің сақталуы да аса маңызды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мамандары басқа науқастар секілді ковидпен ауырған адам да жылы суды көбірек ішкені абзал екенін айтады. Ауру енді қылаң ала бастаған сәтте ем болатын тағамдар қатарына сарымсақ, имбирь, жуа, лимонды қосқаны, осы сәтте аталған жемістер мен көкөні-

стердің бағасы ұшыққаны есіңіз-де болар. Дәрігерлер бұл тізімдегілер COVID-19-ға қалқан болмағанымен, тұмаудан, ЖРВИ-дан қорғайтын қасиеті барын айтады. Осыған сәйкес аталған дәруменге бай жеміс-көкөністерді тамаққа пайдалану көптік етпейді.

Негізінен тағамтанушы ғалымдар ковидпен ауырып шыққаннан кейін құрамында жануар ақуызы бар өнімдерді, құс, балық етін, сүт пен теңіз өнімдерін жиі пайдалануға кеңес беріп отыр. Сұйық, яғни, сорпа тағамдарын да жиі пайдаланыңыз. Біздің өкпеміз майға тәуелді. Адам өкпесіне тәулігіне 60-70 грамм май қажет болса, соның 30 пайызы жануар майы болуы шарт. Яғни, барынша төрт түлік етін жеп жүргеніңіз дұрыс.

Ковидпен ауырып жазылған науқас күнделікті адам ағзасына қажет рационның 35 пайызын таңғы асқа, 30 пайызын түскі асқа, 15 пайыз кешкі асқа лайықтап тұтынуы шарт. Тойып тамақ жеу аурудан құтқармайды, керісінше, ауруға душар етеді. Оған қоса артық салмақты сыйға тартатыны тағы бар. Сол себепті алма, кепкен жемістерді жеуді естен шығармау қажет.

Дәрігерлер коронавируспен ауырғандарға фастфудтан бас тарта тұруға, дене қозғалысын көбейтуге, таза ауада серуендеуге, аса майлы және газды тамақ-сусындардан бас тартуға, керісінше қатаң түрде сақтанып, қайта қалпына келу үшін дәрумендерге бай тамақтарды қолдануға кеңес береді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Table with 5 columns: СИМПТОМДАР, КОРОНАВИРУС, СУЫҚ ТИЮ, ТҰМАУ, АЛЛЕРГИЯ. Rows include symptoms like high temperature, sore throat, cough, etc.

ЭКОСОФИЯ СҮЛЕЙМЕННИҢ КҮЗЕТШІСІ Сүлеймен патшаның қазынасы өте мол болыпты. Жеті қат жердің астын, жеті қат таудың қойнауын толтырыпты. Сүлеймен сол қазынаны әуіп-әуіп күзеттіріп қояды екен. Әуіп-әуіптің тұрпаты жұдырықтай болғанымен, даусы жер-жаһанға жетіпті. Оның үнінен ессекеніп, қазынаға ешбір ұры жоламапты. Сүлеймен өмірден өткесін, асқалар әуіп-әуіпті ұмытып кетіпті. Сосын ол дүниеден баз кешіп, оңаша көлге жасырынады. Содан бері ол құс ешкімнің көзіне түспейді екен. Тек ел ішінде Сүлеймен пайғамбардың күзетшісі деген аты ғана қалыпты. ҚАРЛЫҒАШТЫҢ АЛҚЫМЫ НЕГЕ АҚ ТҮСТІ? Намұрт атты залым патша Байт-әл Мұқалласқа ша-